

КІТАП ПАТШАЛЫҒЫ



*Қарқаралы орталықшандырылған
аудандық кітапханасы*



Заң дәстүр



Қалқаман САРИН

Ата заңымның анасы болған дәстүрім,
Ата салтында – ғажайып ғұрып, жақсы ырым.
Ата бабамның ақ отау, алтын бесігі –
Атамекенім! Алладан соңғы басты ұғым!


Шариятымды, ар-ұятымды шаң басып,
Шаңырақ қалды. Шежіре сырдан шал қашып.
Шала білетін ұлтымның ұлық тарихын,
Шалағайлар жүр ата дәстүрден алжасып.

Қасиет қалмай, береке болмай ісімде,
Қас дұшпан келіп қасықтап қанымды ішуде.
Қасымхандардың қасқа жолынан адасып,
Қасқырдай болып ұлиды- ау, үрей ішімде.

Есімнен қалған елді адастырмас ескі жол,
Есімдегі әлгі ән, «Елім- ай» еміс естілер.
Есіктен қарап қалмасын қайран қазағым,
Есілге қонған есіл ерлерім, есті бол!

Тәуелсіздіктің жолында кеше мың өлдік,
Тәубасын айтып Тәңірге бүгін жүрер жұрт.
Тәуекел етіп, жеті жұртымның қамын жеп,
Тәукедей, сірә, жасайтын кім бар бір ерлік?!

Залалы тимей заманды мынау кім күштер?
Заңғар таулардай бола алар ма екен «білгіштер»
Заманалардан қазақтың заңы – дәстүр ғой,
Заң бұзғандардың бәрі де, ендеше, қылмыскер.



Құрметті оқырман!

Азаттығымызды айқындайтын бас құжатымыз – Ата Заң. Осы 16 жылдық тарихы бар тәлтұмарымызда демократиялық қоғам мен құқықтық мемлекет құрудың бағыттары белгіленген.

Оған қоса, Отандық Конституция – біздің құқығымыздың қорғалуына, мәдени-рухани жетілуімізге және қалыпты тұрмыс жағдайымен қамтылуымызға сенімді кепіл! Байтақ еліміздің мемлекеттік мерекесі қарсаңында басылымымыздың басқы бетін ақын Қалқаман Саринның «Заң дәстүр» өлеңімен ашуды ұйғардық.

«Тамыз конференциясы – 2011: «Отбасы, мектеп, қоғам – игі болашақ жолындағы ынтымақтастық» тақырыбымен Астана қаласындағы білім беру жүйесінің басшылары мен мектеп мұғалімдеріне арналған Ашық Есік Күні кітапханамызда тұңғыш рет ұйымдастырылды. Бүгінгі таңдағы білім саясаты, оқу ісіндегі инновациялық құбылыстар егжей-тегжейлі талқыланған тамыз маслихаты туралы мәліметпен бірінші бөлім таныс етеді. Қасиетті Құран Кәрімнің жинақталу және сақталу тарихы баяндалған танымдық материал да жастардың имани сауатын ашып, рухани сұранысын қанағаттандыра түсуіне сеп болады деген сенімдеміз.

Ал Ұлы Абайдың оқырман ретінде көркем туындыны таңдау талғамын терең білгіңіз келсе, Бақыт Түсіпованың «Абай как читатель» атты мақаласын оқып көріңіз.

Сондай-ақ тарих төріне көшкен көне кітапханаларымыздың, Франция Ұлттық кітапханасының кескін-көлбеті суреттелген жазбалар да журнал бетінде тіл қатады.

Екінші бөлім ауыл кітапханасына арналды. Мұнда Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарындағы ауыл кітапханаларының мүддесін ескеріп, қазіргі қоғамдағы көрінісін кеңінен қамтып көрсеткіміз келді.

Әсерлі әңгіме, өшпейтін өрлі өлең – журналымыздың жұлдызды жанрлары. Ал «Ақыл адырнасы» айдары Қобылан Бөрібайұлының өмірі мен шығармашылығы талданып берілді.

Қымбатты оқырман «Кітап патшалығының» кірпияз тағы Сіздерді де таңдамалы танымдық тақырыптар тізімінен күтеді!

Құрметпен,
Ғалия Бөкейқызы



КІТАП ПАТШАЛЫҒЫ

ғылыми-танымдық, әдістемелік журнал



**РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА
ТӨРАЙЫМЫ**
Жанна ШАЙМҰХАНБЕТОВА

Әлібек АСҚАРОВ
Әкім ТАРАЗИ
Бағлан МАЙЛЫБАЕВ
Бүркітбай АЯҒАН
Дархан ҚЫДЫРӘЛІ
Жанна ҚҰРМАНҒАЛИЕВА
Иманғали ТАСМАҒАМБЕТОВ
Майя ЖИЕНБАЕВА
Мұрат ӘУЕЗОВ
Тұрсын ЖҰРТБАЙ
Ілияс ҚОЗЫБАЕВ
Хабиба АҚЖІПТОВА

БАС РЕДАКТОРЫ
Фалия БӨКЕЙҚЫЗЫ

**БАС РЕДАКТОРДЫҢ
ОРЫНБАСАРЫ**
Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ

РЕДАКТОРЛАРЫ
Айсұлу СЕЙІЛОВА
Гүлжанат ЖҰБАНИЯЗОВА

БЕТТЕГЕН
Баспа-редакция орталығы
Жетекшісі – Балнұр ТӘУЕКЕЛОВА
Санель АМАНОВА – дизайнер

Меншік иесі:

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі
Мәдениет комитетіне қарасты «Астана қаласындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы» мемлекеттік мекемесі.
Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, 2009 жылғы 12 қарашадағы №10493-Ж күелігі берілген

Редакцияның мекен-жайы:

Астана қаласы, Достық көшесі, 11
тел.: 8 (7172) 285266
тел./факс: 8 (7172) 446180
e-mail: kp_2009@mail.ru

Журналға жарияланған авторлық материалдарға редакция жауапты болып танылмайды. Журналға жарияланған материалдар көшіріліп басылған жағдайда сілтеме жасалуы міндетті.

“GERONA” баспаханасында басылды.

Мекен-жайы:

Алматы қ., С.Сейфуллин даңғылы, 458/460, 201-205 кеңсе
тел.: 8 727 2 504 740, 2 662 919
Жазылу индексі: “Евразия Пресс”, “Казпочта” 74330

МАЗМҰНЫ

Бас редактор бағаны 3

ДЕНЬ ОТКРЫТЫХ ДВЕРЕЙ
И снова, здравствуй,
школа!.....6



ДЕНЬ ОТКРЫТЫХ ДВЕРЕЙ
Райхан РАХИМБЕКОВА
Электронные услуги и новые возможности НАБ РК.....8

БІР КІТАПТЫҢ ТАРИХЫ
Абдуссамад МАХАТ
Құранның жинақталу және сақталу тарихы.....10

КІТАП&ОҚЫРМАН
Бакыт ТУСУПОВА
Абай как читатель.....14



Ғ. СЛАНОВТЫҢ
ТУҒАНЫНА – 100 ЖЫЛ!
Гүлжанай ҚАЛИЕВА
«Есімі өліне қастерлі».....18



И снова – здравствуй, ШКОЛА!

Для педагогов, в отличие от школьников, ежегодно новый учебный год начинается уже в августе. По традиции, в конце месяца педагогическая общественность страны собирается на республиканскую конференцию.



В преддверии этого события в Национальной академической библиотеке РК с 24 по 26 августа состоялись Дни открытых дверей для педагогов школ г. Астаны, приуроченные к началу 2011-2012 учебного года. «Семья, школа, общество - взаимодействие во благо будущего» - так в этом году звучала тема конференции.

Если первый день работы конференции был официальным и включал в себя проведение пленарного заседания директоров школ, то последующие дни носили более информационно-познавательный характер, так как в эти дни проводились обзоры выставок, экскурсии по библиотеке.

Вниманию гостей была представлена экспозиция

«Качественное образование - основа конкурентоспособности», которая включала следующие разделы: «Государственная политика Казахстана в сфере школьного образования», «Современное образование. Инновации. Качество», «Семья и Школа», «Современному образованию – современные ресурсы», «Школьный урок – сегодня».

Кроме этого, специалисты библиотеки познакомили их с разнообразными книгами, журналами, методическими пособиями, базами данных в помощь учителям, рассказали об электронных услугах НАБ РК.

Дни открытых дверей были адресованы, прежде всего, педагогическому



ДЕНЬ ОТКРЫТЫХ ДВЕРЕЙ



сообществу. Но мы хотим напомнить, что на этом наше сотрудничество с учреждениями образования не ограничивается. Ежедневно в библиотеку приходят школьники, студенты. Для тех, кто впервые переступил порог НАБ РК, проводятся экскурсии, ознакомительные беседы.

«КП»



Нашу современность можно смело называть временем профессионалов, когда в человеке ценятся знания, профессиональное мастерство, умение принимать решения, творчески мыслить, проявлять инициативу, владеть информацией и использовать ее в своей деятельности.

Цифровой формат нашей библиотеки дает возможность для оперативного доступа к информации по первому запросу, делает книжные фонды более мобильными, компактными и доступными.

Национальная академическая библиотека Республики Казахстан с первых дней своего существования ориентирована на работу в режиме высоких технологий. Это создание цифровых коллекций, каталогизация Интернет-ресурсов, предложение удаленных баз данных и электронных резервных коллекций, разработка онлайн-обучающих программ для пользователей.

Чтобы наращивать и использовать свой созидательный потенциал молодое поколение нужно научить потребности, умению и навыкам поиска информации, необходимой в повседневной жизни, чтобы строить свою карьеру, продвигаться к успеху, накапливать духовный капитал.

Конечно, сейчас не обойтись без использования компьютер-

Электронные услуги и новые возможности НАБ РК

ных технологий в учебной и научной деятельности, в повседневной жизни, для общения с друзьями, коллегами, единомышленниками. Поэтому наша библиотека предлагает своим читателям ряд современных услуг: вопрос библиотекарю по виртуальной справке, заказ в электронном виде фрагмента определенного документа, копии книг, заказ печатных книг в читальные залы библиотеки, поиск информации в удаленных базах данных, библиографический подбор литературы по указанной теме. Комфортность работы определяют и такие сервисы как, автоматизированный цикл основных процессов библиотечного обслуживания с использованием системы штрихкодирования; «Электронный кошелек», позволяющий пользователям рассчитывать безналичным путем через

штрихкоды на читательских билетах; комплекс серверов с возможностью оказывать электронные услуги пользователям с использованием Интернет-технологий; уникальное электронное хранилище с производственной мощностью и возможностями до 180 ТБ для хранения пользовательского и депозитарного электронного фонда библиотек Казахстана; действующая автоматизированная транспортная система доставки документов из книгохранилищ в читальные залы - «Телелифт».

В 2007 году по предложению Главы государства был инициирован проект Электронного книжного хранилища, который получил свое развитие и внедрение на базе Национальной академической библиотеки в Астане – Электронный государственный библиотеч-

ный фонд «Казахстанская национальная электронная библиотека», которую кратко называют КазНЭБ. Библиотека получила доменное имя и адрес www.kazneb.kz

ЭГБФ-КазНЭБ – знаковый проект для интеллектуального, научного сообщества Казахстана, а обучающаяся молодежь воспринимает его как удобный и доступный инструмент в системе овладения знаниями. Так, услугой e-заказа на e-копии книг пользуются не только читатели, проживающие в Астане, но и читатели областных, городских, районных библиотек Казахстана, а это была одна из главных задач проекта. Мы помогаем и тем, кто живет далеко за пределами нашего государства. Читателями нашей библиотеки являются жители 92 стран мира.

Поступательное развитие Интернета диктует изменение информационной среды и средств доступа к информации. Применение в библиотеках телекоммуникационных средств позволило значительно увеличить число удаленных пользователей. Таким образом, библиотеки соблюдают принцип равенства прав на получение информации и постепенно ликвидируют информационное неравенство.

В мировой библиотечной практике в настоящее время выделяется две основные формы онлайн-библиографического обслуживания: интернет-ориентированные и

библиографически-ориентированные службы.

Интернет-ориентированные службы предоставляют готовую информацию в ответ на запросы, отсылая пользователей к сетевым ресурсам. Службы, поддерживающие данную модель обслуживания, имеют пользовательскую аудиторию, ориентированную на получение исключительно полнотекстовой информации.

Для библиографически-ориентированной службы характерно то, что обращающиеся в библиографические службы, пользователи ориентированы на получение не только полнотекстовой, но и библиографической информации. Формы ответов на запрос в таких службах более разнообразны и могут быть представлены в виде готовых тематических библиографических списков, ссылок на электронные адреса полнотекстовых сетевых документов, комбинаций списка и адресов ссылок.

Каждая модель обладает своей спецификой, но есть ряд общих особенностей, таких, как возможность обращения с запросом из любой точки земного шара при наличии подключения к Интернету; наличие взаимодействия «пользователь – библиотекарь», оперативность предоставления ответа на запросы пользователей; привлечение недоступных для пользователя информационных ресурсов в процессе выполнения запроса.

Качество предоставленной информации определяется пользователями, получающими ответы на свои запросы. Выразить свое мнение и оценить работу библиографов пользователи могут, воспользовавшись электронным адресом службы - spravka@nabr.kz.

В условиях нарастания объема информации в электронной среде изменяются сами способы отслеживания и отбора информации, хранения, индексации, предоставления доступа. Сегодня все чаще признается, что библиотекари – это как раз те специалисты, которые лучше других могут справиться с такой нелегкой задачей.

Подлинная культура, образованность, интеллигентность человека во все времена воспитывалась с помощью философских, исторических источников и классической художественной литературы. И сейчас, в век компьютерных технологий, нет альтернативы книге в учебном процессе и самообразовании. Поэтому сегодня никого не удивляет синтез традиционной печатной книги и электронных книг, появившихся благодаря развитию информационно-коммуникационных технологий. Наша библиотека удачно сочетает эти, такие разные виды документов. Ведь главное – помочь читателю найти необходимую ему информацию.



Райхан РАХИМБЕКОВА,
руководитель Службы информационно-библиографического сервиса НАБ РК



Құранның жинақталу және сақталу тарихы

«Құранның сақталуы» сөзінің мағынасы

«Құранның сақталуы» сөзі екі мағынаны білдіреді: Біріншісі: «Құранды жаттау» болса, екіншісі: «Құранның жазбаша нұсқаларын жасау». («Ислам энциклопедия-

сы», Мысыр, 2002 ж., «Құранның сақталуы» түсініктемесі).

Құранның жатталуы мәселесіне көлер болсақ, Алла тағала «Қияма» сүресінің 17-ші аятында: «Уа, Мұхаммед! Құранды сенің жүрегіңде сақтау және оны сенің тіліңмен

оқыту – Біздің міндетіміз», – десе, «Мәйда» сүресінің 67-ші аятында: «Уа, Мұхаммед! Раббыңнан саған түсірілгенді адамдарға жеткіз», – деген.

Хақ тағаланың осы талабына сай, Құранды хатқа түсіруімен қатар, жаттау ісі де жүзеге асырылды.

Бұл дәстүр күні бүгінге дейін жалғасуда. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) тірі кезінде-ақ Құранды бастан-аяқ жаттап, оны оқудың тәртібін жетік меңгерген жүздеген сахаба болды. Атап айтар болсақ, олар – Осман ибн Ғаффан, Әли ибн Әбу Тәліб, Әбәй ибн Кәъб, Ибн Масъуд, Зайд ибн Сәбит, Әбу Муса Әл-Ашъари, Әбу Дарда, Муъаз ибн Жәбәл, Әбу Зайд, Әбу Хузайфаның қызметшісі Сәлим және Ғутба ибн Ғамир тәрізді атақты сахабалар. («Ислам энциклопедиясы», Мысыр, 2002 ж., «Құранның сақталуы» түсініктемесі).

Сахабалар Құранды пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) аузынан есту арқылы жаттаумен шектелмей, оны басқаларға жаттатты. Мәселен, Әбу Дардадан (р.а.) мың алты жүзден астам адам Құранды жаттаған болатын («Ислам энциклопедиясы», Мысыр, 2002 ж., «Құранның сақталуы» түсініктемесі).

Құранның жазбаша нұсқасын жасау мәселесіне келер болсақ, оның үш кезеңі бар.

Бірінші кезең: пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) уақытында Құранның түсірілуі және жазылуы

Құран түсіріле бастағаннан пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сахабалардың ішінен арнайы адамдарды аяттарды жазуға тағайындаған еді. («Хақиқу Әл-Ислам

фи муажәһәти шубуһати әл-мушаккикин»).

Олар аяттарды кез келген қолайлы затқа (қағаз, ағаш, тас, тері, сүйек, т.с.с.) жазып отырды. Ислам деректеріне қарағанда, Құран Кәрімді хатқа түсірушілер саны – жиырма тоғыз. Олардың ішінде төрт халифа Әбу Бәкір, Омар, Осман, Әли (р.а.) және сахабалар: Муъауийа, Зубайр ибн Әл-Ғаууам, Саъид ибн Әл-Ғас, Ғамр ибн Әл-Ғасс, Убай ибн Каъб, Зайд ибн Сәбит (р.а.) болды.

Сонымен қатар, пайғамбарымыздың өзі (с.ғ.с.) әр жылдың Рамазан айында Жәбірейілге (ғ.с.) жаттағанын оқып, қайталап тұрды. Ал соңғы рет Жәбірейіл (ғ.с.) Құранның жатталуын екі рет тексерген болатын («Хақиқу Әл-Ислам фи муажәһәти шубуһати әл-мушаккикин»).

Осылайша пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) көзі тірісінде-ақ көптеген хафиздер (хафиз – Құранды бастан-аяқ жатқа білетін адам) Құран Кәрімді өзінің тиісті үлгісінде жаттап шықты.

Екінші кезең: хазреті Әбу Бәкірдің (р.а.) халифалық дәуірінде Құранның жазбаша нұсқасы жазылуы

Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) көзі тірісінде Құранның толық жазбаша нұсқасы жинақталмаған еді. Ол (с.ғ.с.) бақилық болғаннан кейін бір жыл өтпестен

жалған пайғамбар Мусайләма Кәззәбпен болған Ямама шайқасында Құран Кәрімді бастан-аяқ жатқа білетін жетпіс сахаба опат болды. («Хақиқу Әл-Ислам фи муажәһәти шубуһати әл-мушаккикин»).

Нәтижесінде, қағаз, ағаш, тас, тері, сүйек, т.с.с. жазылған аяттарды жинақтап, Құранның жазбаша нұсқасын жасау қажеттілігі туындады.

Ямама шайқасынан соң, Омар (р.а.) Құранды жинақтап, жазбаша нұсқасын жасауды ұсынғанда, Әбу Бәкір (р.а.): «Расулұлла (с.ғ.с.) істемеген істі сен қалай істейсің?», – деп, Омардың (р.а.) айтқанына көнбеді. Алайда, Омар (р.а.): «Алла тағаламен ант өтемін! Бұл – жақсы іс», – деп алған бетінен қайтпады. («Сахихұл-Бухари»).

Кейін Әбу Бәкір (р.а.) Омардың (р.а.) айтқанына көніп, Зайд ибн Сәбитке (р.а.) Құранның жазбаларын жинақтап, пайдалануға қолайлы бір нұсқасын жасауды тапсырды. Алайда Зайд ибн Сәбит те (р.а.) алғашында: «Расулұлла (с.ғ.с.) істемеген істі сендер қалай істейсіңдер?», – деп, бұл істен бас тартты. Дегенмен, соңында Әбу Бәкірдің (р.а.) дегеніне көнді. («Сахихұл-Бухари»).

Бұл іс «нәгізге тек пайғамбардың (с.ғ.с.) өз аузы-

нан естіп жазылған әрі соның екі күәсі болған жазбалар ғана алынуы тиіс» деген шартпен жүзеге асырылды. Оған Құранды жатқа білген әрбір сахаба өз үлесін қосты.

Зайд ибн Сәбит (р.а.) тапсырманы орындағаннан кейін, Құранның жазбаша нұсқасын Әбу Бәкірге (р.а.) тапсырды. Әбу Бәкір (р.а.) қайтыс болмас бұрын ол қолжазбаны Омарға (р.а.) тапсырса, Омар (р.а.) тірі кезінде оны өзінің қызы, пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) зайыбы Хафсаға (р.а.) тапсырды. («Әд-Дурүл-Мансур фит-тафсири бил-ма`асур»).

Әбу Бәкірдің (р.а.) халифалық шағынан бастап Құран қариларының қатарына көптеген табиғин хафиздері қосылды. Мысал ретінде ұлы табиғиндердің бірі Әл-Хасан Әл-Басридi айтса болады. («Хақаиқу Әл-Ислам фи муажәһәти шубуһати әл-мушаккикин»).

Үшінші кезең: хазретi Османнның (р.а.) халифалық дәуiрiнде Құран нұсқаларының жазылуы

Һижраның 25 жылы Осман (р.а.) Құранның нұсқаларын жазатын кеңес құрды. Бұл кеңестiң құрылуына Армения мен Әзербайжанға жиберiлген Шам және Ирак мұсылмандарынан тұратын әскердiң iшiндегi қарилардың арасында Құранды оқу қағидасына қатысты келiспеушiлiгi мен кейбiр адамдар-

дың қате оқуы сәбеп болды. («Әд-Дурүл-Мансур фит-тафсири бил-ма`асур»).

Сонда Хузайфа ибн Әл-Йаман (р.а.) Османға (р.а.) келiп: «Уа мүмiндердiң әмiршiсi! Мынау үмметке жәрдем ет. Болмаса, олар да яһуди мен христиандар тәрiздi Құран мәселесiнде келiспеушiлiкке ұшырайды», – деген болатын. («Фатхүл-Бари» шарху «Сахихил-Бухари»).

Осман (р.а.) кеңес құрып, оның құрамында Құранды пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) өзiнен жаттаған Зайд ибн Сәбит, Абдулла ибн Әз-Зубайр, Саъд ибн Әбу Уаққас, Абдур-Рохман ибн Әл-Харис (р.а.) болды. Бұлардың үшеуi, яғни Абдулла ибн Әз-Зубайр, Саъд ибн Әбу Уаққас, Абдур-Рохман ибн Әл-Харис (р.а.) құрайыш тайпасынан, тек Зайд ибн Сәбит (р.а.) ансарлардан болатын. («Хақаиқу Әл-Ислам фи муажәһәти шубуһати әл-мушаккикин»).

Бұдан Құранды құрайыш тайпасының ләһжәсiмен (диалектiсiмен) жазып, мұсылмандардың арасында Құранды оқуына қатысты туындап жатқан келiспеушiлiкке тосқауыл қою көзделдi.

Сонда Осман (р.а.) өзi құрған топқа: «Егер араларыңда Құранның оқылуына қатысты бiр келiспеушiлiк туындаса, онда аятты құрайыш ләһжәсiмен жазыңдар. Әйткенi Құран солардың ләһжәсiнде түскен», – деп бұйырды.

(«Фатхүл-Бари» шарху «Сахихил-Бухари»).

Осман (р.а.) бұл кеңестiң басшысы етiп Зайд ибн Сәбиттi (р.а.) тағайындады. Бұған мына мәселелер негiзге алынды:

1. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Зайд ибн Сәбитке (р.а.) уахи түсiрiле бастағаннан-ақ Құранды жазып отыруды тапсыруы; («Фатхүл-Бари» шарху «Сахихил-Бухари»).

2. Зайд ибн Сәбит (р.а.) Құранды пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) өзiнен естiп жаттағаны;

3. Әмiрiнiң соңғы жылында Құранды бастан-аяқ Жәбрейiлге (ғ.с.) оқып берген сәтте пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) жанында Зайд ибн Сәбиттiң (р.а.) болғаны;

4. Әбу Бәкірдiң (р.а.) дәуiрiнде Құранның әуелгi жазбаша нұсқасын жасау iсiне Зайд ибн Сәбиттiң (р.а.) қатысуы. («Хақаиқу Әл-Ислам фи муажәһәти шубуһати әл-мушаккикин»).

Кеңес мүмiндердiң анасы Хафсада (р.а.) сақталған қолжазбаның негiзiнде Құранның бес нұсқасын жасады. («Фатхүл-Бари» шарху «Сахихил-Бухари»).

Бұл iс екi шартпен жүзеге асырылды:

1. Аят Әбу Бәкірдiң (р.а.) халифалық дәуiрiнде жасалған Құран нұсқасында болуы;

2. Аяттың ақиқаттығына пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) көзін көрген, аятты пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) аузынан естіген кем дегенде екі сахаба күәлік етуі. («Хақаику Әл-Ислам фи муажәһәти шубуһати әл-мушаккикин»).

Аяттардың дұрыс жазылуы пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) көзі тірісінде Құранды бастан-аяқ жаттаған сахабаларға оқыту арқылы тексерілді.

Нұсқалар жасалғаннан кейін Құранның әуелгі нұсқасы Хафсаға (р.а.) қайтарылды. Ал соның негізінде жасалған бес нұсқаның бірі Меккеге, бірі Басраға, бірі Куфаға, ал бірі Дамаскіге жіберілді. («Сахихүл-Бухари»).

Нұсқалардың біреуі Мәдинада қалдырылды. Құранның бұл нұсқасы «Әл-Мусхаф Әл-Имам» деп аталды. («Хақаику Әл-Ислам фи муажәһәти шубуһати әл-мушаккикин»).

Османның (р.а.) бұйрығымен жасалған Құран нұсқаларының қатесіздігін пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) көзін көрген ғалым сахабалардың бәрі де растаған. Мысал ретінде атақты хафиз, муфассир Абдулла ибн Масъудты (р.а.) айтса болады. Абдулла ибн Масъудтың (р.а.) қолында ол өз қолымен жазған Құранның нұсқасы болатын. («Хақаику Әл-Ислам фи муажәһәти шубуһати әл-мушаккикин»).

Осман (р.а.) Құранның нұс-

қаларын жан-жаққа жібергеннен кейін «Әл-Мусхаф Әл-Имамға» қайшы жазылған Құран аяттары мен нұсқаларын өртеп жіберуді бұйырды.

Имам Табарони: «Бұл Ирак жерінде адамдардың қолындағы Құранның қате нұсқалары отқа жағылған заман еді», – деген болатын («Хақаику Әл-Ислам фи муажәһәти шубуһати әл-мушаккикин»).

Қазіргі күні бүкіл Ислам әлеміндегі адамдардың қолындағы Құран нұсқалары сонау Османның (р.а.) дәуірінде жасалған жинақтың негізінде жасалған.

Он төрт ғасыр өтсе де, Құран нұсқаларында бірде-бір айырмашылық жоқ. Діни кітаптардың ішінде тек Құран Кәрімге тән болған бұл қасиеттің растығын Лүблүә (Leblois), Муир (Muir), Руди Парет (Rudi Paret) сынды көптеген атақты шығыстанушылар растаған («Исламды қаралауға қарсы жауап»).

Немістің атақты шығыстанушысы Руди Парет (Rudi Paret) өзі жасаған Құран аудармасының кіріспесінде: «Біз Құранның ішінде Мұхаммедке (с.ғ.с.) түсірілмеген бір аят бар деп күмәндануымызға ешбір негіз жоқ!», – деген («Құран», Руди Парет, Штутгарт, 5 бет, 1980 ж.).

Әбу Бәкір (р.а.) мен Османның (р.а.) халифалық дәуірлерінде жазылған Құ-

ран нұсқаларының ерекшеліктері.

Түрлі еңбектерде Әбу Бәкірдің (р.а.) халифалық дәуірінде жасалған Құранның нұсқасы «сухуф», ал Османның (р.а.) халифалық дәуірінде жасалған нұсқалар «мусхаф» деген атаумен ерекшеленеді. («Тухфатүл-Ахуази»).

Әбу Бәкір (р.а.) дәуірінде жасалған Құранның нұсқасы «сухуф» деп аталуының мәнісі: қағаз, тері, сүйек, т.с.с. жазылған аяттар жинақталып, бір кітап түрінде жазылуы. Құранның бұл нұсқасында аяттар жинақталғанымен, реттелмеген болатын («Фатхүл-Бари» шарху «Сахихил-Бухари»).

Ал Османның (р.а.) дәуірінде Құран нұсқалары жасалу барысында аяттар рет-ретімен жазылып, бір жүйеге келтірілді. Бұл іс Осман (р.а.) өзге сахабалармен ақылдасқаннан кейін жүзеге асырылды («Фатхүл-Бари» шарху «Сахихил-Бухари»).

Әли (р.а.) Құран аяттары жинақталуына қатысты: «Құранның нұсқасын жасауда ең көп сауапқа Әбу Бәкір (р.а.) лайық. Құранның бірінші нұсқасын жасаған сол еді», – деген болатын («Фатхүл-Бари» шарху «Сахихил-Бухари»).

Абдуссамад МАХАТ,
дінтанушы



Бакыт ТУСУПОВА,
заместитель директора Восточно-Казахс-
танской областной универсальной
библиотеки им. Абая, г. Семей

Абай

как читатель

*(Выставка редкого фонда по книгам,
которые читал Абай Кунанбаев)*

Есть люди, чье явление на свет мгновенной вспышкой озаряет время, соединяет все, чему суждено было слиться, и, предвосхищая будущее, включает в сферу своей жизни многое из того, о чем время еще не помышляло. Таков Абай.

Когда в семье крупного главы рода Тобыкты - Кунанбая, раздался первый крик сына Абая, еще никто не знал, что его жизнь как озарение, соединит все новое, вызревающее – бунт мыслей, бунт чувств. И что именно он на перекрестках своей жизни сделает близкими степеням судьбы Татьяны Лариной и Онегина, впервые откроет своему народу имена Гете и Байрона, заставит задуматься о смысле жизни, нравственных устоях человека.


Конечно, у каждого поэта и писателя – свой путь к герою. Но для подлинного художника основой всегда служит жизнь. Путь Абая – это не путь к литературе, а жизнь в самой литературе.

Через книги он осмысливает многое, и сегодня эта литература возвращает нашу память к жизни и творчеству выдающегося просветителя Абая Кунанбаева.

Абай и литература, Абай и его русские друзья, Абай и общество, Абай и любовь... Об этом написано много интереснейших исследований, но мы продолжаем открывать для себя нового Абая через мир его книг, потому что книги для Абая были неизменными спутниками всей его жизни.

Литература всегда интересовала Абая, он с юных лет был отлично знаком с выдающимися произведениями великих поэтов и мыслителей Востока, но с мировой литературой он познакомился в общественной библиотеке. Основанная в 1883 году, она была первым культурно – просветительным учреждением города. В стенах библиотеки сосредоточилось все: пылливый научный поиск, получение зна-

Э.Б.Тэйлор.
Первобытная культура.
Исследования развития мифологии, философии,
религии, языка, искусства и обычая.



ний, встречи с прекрасным....

На первый взгляд это казалось бы неприметное здание библиотеки привлекало многих, по тем временам здесь была великолепная литература: богатая коллекция справочных изданий, представлены лучшие русские и зарубежные авторы, античная литература, периодические издания. Все эти книги оказывали огромное влияние на Абая. Он активно пользуется справочниками, атласами, читает книги античных мыслителей, но больше всего его влечет русская классика. Произведения А.С. Пушкина он читает с упоением.

Круг чтения великого просветителя необычайно широк и разнообразен, его литературные интересы позволяют нам лучше понять мировоззрение и мироощущение Абая. Книги, которыми пользовался Абай, мы представляем на книжной выставке «Абай и мировая литература». Издания редкого фонда, в основном конца 1880-х начала 1900-х годов помогают нашим читателям совершить увлекательное путешествие в античную, классическую русскую, и зарубежную литературу.

Связь Абая и библиотеки также прослеживается и в воспоминаниях Джорджа Кеннана, американского корреспондента путешествовавшего по Сибири и Алтаю. Книги, о которых он упоминает в книге «Сибирь и ссылка», предлагаются в первом разделе выставки «Ступени к познанию». Среди них: Спенсер Г. «Основания социологии» (1876 г.), Льюис Дж. «История философии» (1897 г.), Тэн И. «Французская философия первой половины

XIX – го века» (1896 г.), Тэйлор Э. «Первобытная культура: исследования развития...» (1872 г.) и др. Книги эти непростые по содержанию, требовали глубоко вдумчивого читателя. Именно таким читателем был Абай. Он мучительно ищет ответы на свои вопросы и сокрушается в несовершенстве человеческой природы. Но главное, он стремится проникнуть в содержание книг, хочет обнаружить преемственность между всеми временами, странами, народами и культурами. Для Абая человек одновременно и элемент целого и противостояние целому. Книги его успокаивают, он не одинок в своих поисках. И здесь в библиотеке он открывает для себя новый мир.

Знакомиться с разделом «Абай и литература» - значит знакомиться с мыслями, настроениями и интересами великого просветителя. Как и А.С. Пушкин Абай высоко ставит общественное назначение поэта, его глубоко волнует социальное неравенство, построение справедливого общества. Ответы он ищет в книгах, читает Гомера, изучает философию, интересуется английской экономикой. В этих поисках ему помогают его русские друзья, особенно среди них выделялся Евгений Петрович Михаэлис, ученик Н.Г.Чернышевского и близкий друг Абая. Благодаря ему круг друзей Абая расширяется. Политические ссыльные были представителями передовой, прогрессивной России, носителями живой мысли, и дружба с ними восполнила то душевное одиночество, которое так тяготило поэта. Русские друзья

знакомят Абая с каждой новой литературой. Е.П.Михаэлис специально для него выписывает из Петербурга новые периодические издания. Необходимо подчеркнуть, что и друзья Абая открывают для себя богатый мир казахского народа. Дав многое Абаю в поисках знания, они и сами немало почерпнули от него, пользуясь его глубокими и обширными сведениями в истории, обычном праве, поэзии и искусстве, экономике и социальном быте многих народов, родственных казахам.

Абая влечет литература, но особое место занимает русская и зарубежная классика. На выставке представлены издания: А.С.Пушкина (Изд. 1887г. Типог. Суворина), Салтыкова-Щедрина (1892г.), Л.Н.Толстого (1897г.), Басни И.А.Крылова (1894г.), Гете (1893г.), Байрона (1894г.), Шекспира (1893г.) и др.

Из библиотеки за перевалы Чингиза он увозит книги любимых авторов, переводит басни Крылова, «Кинжал», «Дары Терека», «Выхожу один я на дорогу», отрывки из «Демона», «Парус», «И скучно и грустно», более 30 стихотворений М.Ю.Лермонтова. Абай зачитывается сказками Салтыкова – Щедрина, переводит письмо Татьяны и главы из «Евгения Онегина». И впервые зазвучав на казахском языке, «Письмо Татьяны» поражает степняков красотой и силой Пушкинского слова. Абай не только приблизил великого Пушкина к своему народу, но и открыл им удивительный мир Некрасова, Тургенева, Достоевского. Абай увлекается зарубежной литературой, познакомившись с ними через



переводы русских авторов, сам переводит Байрона и «Ночную песнь странника» Гёте.

Мы с глубоким волнением представляем издания А.С.Пушкина, Салтыкова – Щедрина, Гёте, Шекспира. Русская классическая и зарубежная литература датируется 1830-1899 годами. Эти книги читал Абай, они были его друзьями, заставляли его задумываться.

Особое место в этом разделе занимает произведение Гомера «Илиада», изданная в 1829 году. ...Тысяча триста лет – таковы рамки античности во времени. У истоков ее, как начало начал, – эпос Гомера, озаряющий ярким светом человечности всю огромную эпоху, давший и почву, и пищу ее великой духовной культуре.

Выделяется в этом разделе произведение Джона Мильтона «Потерянный рай». Эта книга – подробное повествование о райской жизни Адама и Евы, об их грехопадении, о свете надежды на грядущее очищение и благодать. Всем строем своих поэм Милтон убеждает, трудясь и постигая неизведанное, преодолевая «бесовские наваждения» гордыни, корыстолюбия, эгоизма, человечество, пусть медленно, будет двигаться к новым берегам, к новым, добродетельным и справедливым формам. Наступит земной рай! Абай также как и Милтон верит в роль созидательного труда и знания.

Отдельной коллекцией представлены справочные издания: энциклопедии, словари. Они для Абая были первыми университетами, через них он открывает новый мир, знакомится с новы-

ми словами и понятиями. Когда-то Вольтер сказал: «Словарь – это вселенная в алфавитном порядке...». Действительно все другие книги содержатся в ней; суть лишь в том, чтоб извлекать их из нее. Среди этих изданий «Энциклопедический словарь Брокгауз и Ефрона», изданный в 1890-1907 г.г. Этот энциклопедический словарь является совместной работой крупной, имевшей большую известность в Европе издательской фирмы Ф.А.Брокгауза (Лейпциг) и фирмы И.А.Ефрона (С.-Петербург). Заслуженный ординарный профессор И.Андреевский дал согласие на общую редакцию словаря, если в его основу будет положено известное немецкое 13-е издание Брокгауза, Conversations Lexikon, со всеми его богатыми приложениями, географическими картами и рисунками.

Энциклопедии – сложный жанр книжного дела. Каждая энциклопедия несет на себе отпечаток ментальности своего народа, его исторической культуры, быта, просто быта. Именно поэтому они вызвали огромный интерес у Абая.

По тем временам в библиотеке был широкий подбор периодических изданий: «Русский вестник», «Русская мысль», «Современник», «Вестник Европы», «Отечественные записки» и другие российские газеты и журналы. Более 100 наименований дореволюционной периодики. Они представлены в разделе «Абай и периодические издания».

Дружба Абая Кунанбаева и Е.П.Михаэлиса – это не просто обмен книгами, а взаимная

симпатия двух неординарных личностей, которая проходит в большой и искренней привязанности друг к другу. Абая привлекал этот интеллигентный, глубоко образованный человек, а Михаэлис горячо поддерживал прогрессивные взгляды Абая. И конечно, они очень много беседуют об образовании и просвещении казахов, сближении и дружбе двух народов, построении справедливого государства, а главное для них - это знания. Абай повторяет: «Знание и ремесло – вот настоящее богатство» и «... Знание чужого языка и культуры делает человека равноправным с этим народом».

Проживание политических ссыльных в Семипалатинске послужило толчком к росту общественной жизни в крае. Главным событием края стало открытие в 1878 году в Семипалатинске областного статистического комитета и первым его секретарем становится Е.П.Михаэлис. Статистический комитет являлся единственной организацией, ставившей целью своей работы, кроме прямых задач, изучение края.

В 1904 году преемником Областного статистического комитета стал Семипалатинский подотдел Западно-Сибирского отдела Русского Географического общества. Наиболее видные представители политической ссылки проявляли себя во всех видах деятельности: в медицинской, учительской, в общественной жизни. Результаты исследований печатались в научных трудах «Записки Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела Русского Географического общества»

Библиотека располагает богатым собранием научных изданий, выпущенных Семипалатинским подотделом Географического общества. Это были первые исследовательские работы по краеведению, открывающие новые страницы из истории археологии, этнографии, биологии, географии края. Богатая коллекция научных трудов представлена в разделе «Исследователи степного края». Среди них работы Н.Я.Коншин, Е.П.Михаэлиса, Ф. Зобнина, Б. Герасимова и других.

Невозможно рассказать обо всех книгах, которыми пользовался Абай Кунанбаев, но даже малая часть говорит о том, что общение с книгой для Абая было естественной духовной потребностью. В них он получал благотворный источник знаний, ведь именно чтение включает нас всех в общечеловеческую культуру.



Гүлжанай ҚАЛИЕВА,
Ғ. Сланов атындағы Атырау облыстық
әмбебап ғылыми кітапханасының директоры



«ЕСІМІ ЕЛІНЕ ҚАСТЕРЛІ»

Уақыт керуені алға жылжыған сайын әдебиет те жасарып, жаңарады. Мезгіл мінберінде тұрып, сөз өнерінің мәңгілігін мойындатқан жұлдыздар шоғыры төл әдебиетімізде аз емес. Жерлес жазушы, артына өшпес мұра қалдырып кеткен Ғабдол Слановты да солардың бел ортасында атауға болады.

Осыдан он жыл бұрын ҚР Үкіметінің 2001 жылғы 24-шілдедегі №1000 Қаулысымен Облыстық әмбебап ғылыми кітапханаға қазақтың қарымды қаламгері Ғ. Слановтың есімі ресми түрде берілген еді. Игі іске бастамашы болған – жазушы-драматург Берік Қорқытов екен.

Сол уақыттан бергі кітапхана тынысын ой елегінен өткізер болсақ, мамандарымыздың тынымсыз еңбегінің, қажырлы ізденістерінің нәтижесінде

бүгінде бұл жастардың бас қосатын, әрбір оқырман-пайдаланушыға бағыт-бағдар беруші руханият ордасына айналып отыр.

Бүгінде Ғ. Сланов атындағы Атырау облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының 209 мыңға жуық кітап қорын 17 мыңдай оқырман пайдалануда. Мұнда ресейлік және республикалық, облыстық және аудандық мерзімді басылымдардың, ғылыми диссертациялар

авторефераттарының бай қоры жинақталған.

Кітапханада оқырман қауымның сұраныстарын қанағаттандыруда дәстүрлі және электронды жұмыс түрлерімен қатар білімін жетілдіргісі келген жастардың таным көкжиектерін кеңейту бағытында алуан түрлі шаралар өткізу дәстүрге айналған.

Оқырмандар арасында қазақтың белгілі ақын-жазушыларын, әйгілі өнер адамдарын, сондай-ақ атыраулықтардың

мақтанышына айналып отырған жергілікті қаламгерлердің шығармаларын насихаттау – кітапхана жұмысының негізгі бағыттарының бірі. Осы орайда, 100 жылдық мерейтойы қарсаңында Ғ. Слановтың әдеби мұрасын насихаттау, жастарға таныту мақсатында ескелең ұрпақтың рухани жан-дүниесін байытуға септігі зор тақырыптық кештер, оқырмандар конференциялары, әдеби сұхбаттар өткізіліп келеді.


Жазушы еңбектерінде өзі өмір сүрген дәуірдің өзекті мәселелерін көтере отырып, заман сырын, замандас келбетін көркем кескіндей білген. Оның шығармаларының көркемдік қасиеті, жазушылық шеберлігі жайында байыпты толғамдарды С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, С. Қирабаев, З. Серікқалиев сынды әдебиет зерттеушілерінің еңбектерінен кездестіруге болады. Жалпы жазушының шығармалары оқырманын адами ізгілікке үндейді.

Ғ. Сланов шығармашылығын жан-жақты насихаттау бағытында әдістемелік көмек ретінде жақында ғана әдіскерлеріміз «Заман шежіресін шерткен жан» тақырыбында әдістемелік құрал дайындап, аудандардағы әріптестер назарына ұсынды.

Сонымен қатар кітапханамызда жазушының өнегелі өмір жолын, шығармаларының жазылу тарихын және басқа да толымды деректерді қамтитын мерзімді басылымдар беттерінде жарық көрген барлық еңбектердің толық мәтінді электронды мәліметтер базасы жасақталды. Қаламгердің 1950 жылдардағы ауыл еңбеккерлерінің сан алуан бейнесін ашып көрсеткен «Шалқар» романы, жұмысшылар өмірі мен ауыл тұрмысын шебер бейнелейтін «Арман ағысы», «Дөң асқан», «Домбыра күйі – ақиық», «Асау арна» сияқты көрнекті тар дерек-

қорға негіз болды. Оған қоса, «Есімі еліне қастерлі» тақырыбымен виртуалды кітап көрмесі ұйымдастырылды.

ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы негізіндегі «Мемлекеттік Электронды Кітапханалық Қор – Қазақстандық Ұлттық Электронды Кітапханаға» кітапханамыздың кітап қорындағы Ғ. Сланов шығармаларының электронды нұсқалары енгізіліп, бүгінде оқырмандарымыз пайдаланады. Бұл – жазушы туындыларымен жете танысуға жасалып отырған мүмкіндік.



ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасыр басында іргесі қалана бастаған оқу-ағарту орындары қатарында аудан көлеміндегі көпшілік кітапханалар да болды. Сол кезеңдерде-ақ қоғамдық сауаттылықты қалыптастыруда кітапханаларға деген қажеттілік көрініс алды.

Әрбір кітапхананың өз тәғдыры, өзіне ғана тән өмір жолы бар. Бөлім көп ғасырлық жөдігерлер мен жазба мұраларды жүрегіне тоғыстырған Тайпақ, Қарқаралы өңірлеріндегі аудандық орталық кітапханалар тарихынан тіл қатады.



Сара КЕНЖЕБАЕВА,
Ж. Молдағалиев атындағы
Батыс Қазақстан облыстық
әмбебап ғылыми кітапханасы
директорының орынбасары

ТАРИХ ТӨРІНДЕ –

ТАЙПАҚ

АУЫЛЫНЫҢ

КІТАПХАНАСЫ

Кең байтақ қазақ даласының батысында, әйгілі Жайық өзенінің жағасында орналасқан көп жылдар бойы Калмыков атындағы аудан орталығы болған. Қазіргі кезде Тайпақ аталатын ауылдың өз тарихы бар. Батыс Қазақстан облысының құмды және құмайт аумағындағы Тайпақ ауылы Жайық өзенінің жағалауына жайғасқан. Орал қаласынан үш жүз шақырым қашықтықтағы арынды Ақжайықтың бойындағы көне мекен – сол Калмыково.

Қазіргі ауылдың орында XVIII ғасырда төменгі Жайық шекара шебінің Калмыков қамалы болған. Бағзы заманда бұл арамен Орта Азиядан Ресейге сауда көруен жолы өткен. Осы арада өткел болыпты. Революциядан бұрын мұнда жәрмеңке өткізілген-ді. Орал облысында 11 жәрмеңке жұмыс істеді. 1900 жылы олардың жылдық тауар айналымы 8,9 миллион сомға жетті. Калмыков жәрмеңкесінің тауар айналымы 23

миллионды құрайды. Сол арада қалмақ князінің ставкасы болып, жергілікті халық посөлкені соңғы кезге дейін «Кінез» деп атаған.

Әр кезеңдерде посөлкеге сол дәуірдегі атақты зиялылар, ғалымдар П. С. Паллас (1769), Н. А. Северцев (1862) және жазушы В. И. Даль келген. 1875 жылдан Калмыков уездің орталығы болып, 1884 жылы мұнда И. С. Тургенев атындағы көпшілік кітапханасы, ал 1903 жылы 3 орындық аурухана ашылып жұмыс істеді. Сол кездегі статистикалық есеп бойынша посөлке тұрғын-

дарының алты пайызы ғана сауатты еді. Революциядан бұрынғы кезеңде мұнда екі класстық – жылдық (бастауыш) училище және үйден қатынап оқитын 3 жылдық шіркеу мектебі болды. Станицада. Вязниковцев, Павел Сидорович, Касьян Иванович және Акакий Макарович Махориндер және Мясников сияқты байорыс қазақтарының үйлері, оңтүстік бетте Вязниковцевтің бау-бақшасы болған. Жайық жағасында ақ тастан қаланған түрме болды. Онда 1829 жылы шаруалар көтерілісінің басшыларының бірі, ақын, күйші әрі домбырашы Махамбет Өтемісов екі жыл қамауда отырып, көп ұзамай қашып шыққан. Қазіргі Темір Масин көшесінің бойында қазақ мешіті болды.

Қазіргі әскери комиссариат тұрған үйде азамат соғысынан кейін ревком, кейіннен уездік және станицалық атқару комитеттері орналасқан. Т. Масин тұрған үйде Чапаевшылардың штабы, аудандық білім беру бөлімі тұрған үйде азық-түлік комитеті орналасқан. Мясниковтың үйінде сауаттылық үйі (жетекшісі Чукалин) болған. Мұнда келгендер биллиард, шахмат-дойбы ойнап, газет-журнал оқиды екен. Аупартком үйінің маңайында әскери госпиталь болыпты. 1921 жылы станцияға ақ бандылар тұтқиылдан басып кірген де жаралы қызыл әскерлерді қылыштап өлтіріп, олардың мүрделері сол жерде жерленген.

Сонымен, 1884 жылы ашылған «Тургенев кітапханасына» станция тұрғындары ерікті түрде қаржы құйған. Кітапхана

қорындағы алғашқы кітаптар қатары жыл сайын толығы келе жүзге, үлкен қиындықтармен мыңдаған данаға жетті. Кітапхана алғаш құрылған жылдардан-ақ, көпшіліктің жиі баратын сүйікті орнына айналды. Кітап қорын байыту негізінде өз күштерімен кітап жинады, халық арасында өздерінің оқығандарын басқаларға өңгіме түрінде таратып, дауыстап оқуар ұйымдастырылды. Мәдениет ошағының көзі Қызыл Отау болды, жұртшылыққа кітаптарды дауыстап оқу мен өңгіме-сұхбаттар өткізіп, бейсауат адамдарды оқырмандар қатарына тартты. 1928-1929 жылдары кітапхана ұжымы «Сауаттылар – сауатсызды үйретейік» атты мәдени жорыққа қатыстырылды.

Біз кітаптың шексіз құдіреттілігін әрдайым паш етеміз, ал сол кітаптың өзін қайдан аламыз? Демек, кітапхана – автор, кітап және оқырман қауымды қауыштыратын киелі орда. Сонау XIX ғасырдан бері кітапхананың қажеттілігі, маңыздылығы жойылмай келеді.

Ұлы Отан соғысы жылдарында да кітапхана тұрғындарды рухани білім нәрімен сусындата білді. Сол жылдары кітапхана қорында 8091 дана кітап болса, оның 3366 данасы қазақ тіліндегі басылымдар екен.

Бүгінгі күні кітапхана қорында 32,3 мыңға жуық кітап қоры жинақталған, соның 15,5 мың данасы мемлекеттік тілде. Кітап қорында кітапхана құрылған кезеңдердегі сирек кітаптар да кездеседі. Халық саны 4,7 мың болса, оның 62%

– кітапхана оқырмандары. Кітапхана 1997 жылы Тайпақ ауданы таратылып, Ақжайық ауданына қосылғанға дейін 31 ауылдық кітапхананың басын біріктірген Тайпақ аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесі болып қайта құрылды. Аудан таратылса да Тайпақ ауылдық кітапханасы халыққа қызмет көрсетіп келеді.

Кітапхана аудан облыс көлемінде кітапханашылардың кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында өткізілетін көптеген семинар-кеңестердің базалық орталығы ретінде де танылды.

Еліміздің Тәуелсіздігінің арқасында кітап қоры Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарық көрген көптеген құнды кітаптармен толығып, қордың сандық жүйесі әзірленуде. Сондай-ақ оқырмандардың ақпараттық сұранысын толық қанағаттандыру үшін мерзімді басылымдар қоры да жинақталған.

Кітапханада оқырмандардың интеллектуалдық танымын көтеру мақсатында ұйымдастырылған «Рауан» және қыз-келіншектердің басын қосатын «Қарлығаш» танымдық клубтары жұмыс жасайды. Кездесулер, поэзия кештері, кітап көрмелері ұйымдастырылып, қоғамдық ұйымдармен, мектеп мұғалімдерімен, медицина қызметкерлерімен өзара серіктестік байланысы үзілген емес.

Кітапхана 1978 жылдан бері Ауылдық Мәдениет Үйінің мекен-жайында орналасқан.

Осындай тарихы тереңге тартқан кітапхана ғасыр көшіне ілесе отырып, оқырман игілігіне қызмет ете береді.

Қай дәуірде де қоғамның мәдени өмірінің, мәдени тарихының бірден-бір көрсеткіші – кітапхана. Мемлекет мәдениетін танытатын да – кітапхана. Өткен тарихты өшірмей, ұлт жадын мәңгілік сақтайтын мекен де – осы кітапхана.



Айнаш МҰҚАНОВА,
Қарағанды облысы
Қарқаралы ауданындағы
орталық кітапхананың әдіскері

Мәдениет мектебі – КІТАПХАНА

Олай болса, көп ғасырлық жәдігерлер мен жазба мұраларды жүрегіне тоғыстырған Қарқаралы кітапханасының тынысымен танысып көрелік.

Арқаның алтын тәжі атанған Қарқаралы, ең алдымен, шежірелі өлке. Көрсө көз тоятын тарихи, сәулет ескерткіштеріне бай өңір. Мұндағы ертеден жеткен ескінің көзі – бұл кітапхана.



Сонымен, 120 жылдай бізден ара-жігі ажыраған облыстағы бірінші кітапхананың іргесі 1892 жылы шенәунік Марковтың бастамасы бойынша Қарқаралы қаласында қаланды. Мұндағы кітап қоры – 626 дана.

Бастапқы күннен бастап жалпы қордың шағындығына қарамастан, Қарқаралы қоғамдық кітапханасы оқырмандарға бөлсенді түрде қызмет көрсетті.

Қоғам қайраткерлері Қарқаралыдағы бірінші кітапхананың жұмысына көңіл аударып, мекенің дамуына үлес қосып отырған. 1905 жылдың қаңтар айында Қарқаралы кітапханасының жұмысы туралы оқырмандар жиналысы өтеді. Жиналыс төрағасы – Итбаев. Жиналыста Кітапханалық комитет төрағасы ретінде Қарқаралыдағы ауыл шаруашылығы мектебінің басшысы Павел Петрович Белдыцкий тағайындалса, кітапханашылық міндет Мұстафа Баязитұлы Мамле-

евке тапсырылады.

Осы комитеттің мүшелігіне енген белгілі тұлғалар: А. Байтұрсынов, М. Мамләев, А. Глебов, П. Астерин және С. Панфилов.

Кітапхана қорына қазақ және орыс тілдеріндегі басылымдарды жаздырып ала бастады.

М. Горький, А. Пушкин, М. Лермонтов, Л. Андреев, В. Короленко сияқты авторлардың шығармалар жинағы сатып алынады. Кітапханаға 17 аталымдағы газет-журнал тұрақты жеткізіліп тұрған. Соның қатарында «Сибирская жизнь», «Слово», «Туркестанская туземная газета», тағы басқалар бар. 1905 жылғы Қарқаралы кітапханасының шығыны 230 рубльді құраған.

Бірақ билік тарапынан 1917 жылғы ақпан төңкерісіне дейін кітапхана жұмысына жасырын

цензура жүргізіліп тұрған.

Мәселен, 1903 жылы Петербургтегі Баспа ісі комитеті «Көпшілік кітапханаларда пайдалануға тыйым салынған шығармалардың алфавиттік көрсеткішін» жасаған. 1904 жылы Қарқаралы кітапханасын тексеру үшін «Алфавиттік көрсеткіш» уезд бастығы, Кітапханалық комитет төрағасы, орманшы Петр Федорович Поповқа берілген Ал Попов бұл көрсеткішті бөгде адамға танысуға, не болмаса анықтама алуға еш уақытта бермеуге міндетті



болған

Ол кездері қоғамдық кітапхана жұмысымен оқу орындары шұғылданған. Осы орайда, Қарқаралы орыс-қазақ училищесінің меңгерушісі Ахмет Байтұрсынов кітапхана жұмысын ұйымдастыруға бес жыл бойы атсалысты. Петербургпен байланыса отырып, 1909 жылы өзінің тұңғыш кітабы «Қырық мысалын» жарыққа шығарды.

1920 жылдары Совет өкіметі ғимаратты тәркілеп, әр түрлі бөлімшелер жұмыс

атқарды. 1938 жылы мұнда қазақ-орыс мектебі ашылып, аудандық сот, агрономиялық лабораториялар қызмет атқарды. 1952-53 жылдары қалалық кітапхана ретінде қайта құрылып, 1978 жылы аудандық орталықтан-дырылған кітапханалар жүйесі етіп ауыстырылды.

Қарамағында 45 кітапхана, соның ішінде 1 аудандық балалар кітапханасы, 43 селолық кітапхана бар аудандық орталық кітапхана бүгінде әдіскерлік орталық болып табылады.

Кітапхана 2004 жылы «Модельді кітапхана» мәртебесіне ие болды. Мұнда оқырмандарға қызмет көрсету бөлімі, оқырмандар залы, ақпараттық-библиографиялық бөлім, әдіскерлік бөлім, кітап қорын толықтыру және өңдеу бөлімдері жұмыс жасауда.

Кітапхананың жеке сайты бар. Ғаламтордағы мекен-айы: www.karkaralinsk.kz. Портал «Басты бет», «Елеулі оқиғалар», «Жаңалықтар», «Мәдени ескерткіштер», «Табиғат», «Тарихи тұлғалар», «XIX-XXI ғасырдағы Қарқаралыдан шыққан өнер қайраткерлері», «Қарқаралылық ақын-жазушылар», «Қасым ғасыры басталды» атты Қасым Аманжоловқа арналған бөлім, «Қаһарман батырлар», «Әуесқой өлкетанушы», «Қарқаралы тарихы», «Кітапхана тарихы» тәрізді бөлімдерден тұрады. Интернет желісі арқылы да оқырмандар сұранысы толық қанағаттандырылады.

Кітапханада 2005 жылдан бастап автоматтандырылған кітапханалық жүйе «РАБИС катализаторы» модулі орнатылып электронды каталог бойынша жұмыс жасап келеді. 2008 жылдан өлкетану материалдарын цифрлау жұмыстары жүргізіле бастады.

Кітапханадағы кітап қорларын толықтыру да – маңызды орынға ие. Кітапханадағы қазіргі кітап қоры – 40263, соның ішінде қазақ тіліндегісі – 24500 дана.

Кітап қоры үнемі жергілікті және атақты ақын-жазушылардың жаңа кітаптарымен оқулықтармен және салалық әдебиеттермен толықтырылып тұрады.

Қазіргі кезде кітапханалар жұмысты жаңа инновациялық бағытта қалыптастыруда. Кітапханалық инновация – қазіргі таңда шетелдік, ресейлік, сондай-ақ қазақстандық авторлар арқылы кеңінен қозғалып жүрген мәселе. Кітапханадағы инновациялық жұмыс жоспар, мақсатты бағдарлама және инновациялық жобалардан тұрады. Жедел жаңару жолындағы Қазақстан үшін жастардың орны ерекше. Елбасының жастарды қамқорлыққа алу туралы тапсырмасын орындай отырып, кітапханамызда «Асқар шынды кербез жер – Қарқаралы, Дастан-жырлы кемел ел – Қарқаралы» атты жобалар мен «Білімді жас ұрпақ – ел болашағы» бағдарламасы өзірленіп, жұмыстар жалғасуда.

Қарқаралы орталықтан-дырылған кітапханалар жүйесі бойынша өткен жылдан бастап көп жылғы еңбек тәжірибесі бар кітапханашылардың іс-тәжірибесінен «Кітапханашылардың озық іс-тәжірибесінен» атты тәжірибелік кітапшалар жазу қолға алынды. Т. Қазанғұлұлының туғанына 195 жыл толуына орай, «Күй төресі – Тәттімбет» атты CD ROM шығарылып күйші творчествосын насихаттау жұмыстары жүргізілді.

Оған қоса, кітапхана тари-



хы топтастырылып, орталық кітапхананың «Кітапхана – даналық мекенінің дарабозы» атты энциклопедия жинақталып шықты.

Кітапханада жастардың ой-өрісін кеңейту, дарындыларды анықтау мақсатында 1979 жылдан «Атамекен», «Еркекиік», ал 2009 жылдан «Қаламгер» клубы жұмыс жасайды.

Кітапхана – аудандағы ірі мекеменің бірі. Оқырмандар залында республикалық, облыстық, аудандық дәрежедегі ғылыми және оқырмандар



конференциялары, әр түрлі көштер (ақын-жазушылармен, батыр аналармен, соғыс және еңбек ардагерлерімен, әнші-сазгерлермен кездесу көштері) өткізіліп тұрады.

Ұлы қазақ даласының шоқтықты да шырайлы, қасиетті де киелі өлкесі – Қарқаралының 180 жылдық мерейтойы 2004 жылы атап өтілді. Мерейтойға орай, «Қарқаралыға – 180 жыл: тарих толқынында» атты аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференция орталық кітапханада өткізілді.

Мұнда аудан кітапханалары арасында сайыстар мен байқаулар да жиі өткізіліп тұрады.

«2003-2005 жылдары – ауыл жылы» деп жариялануына байланысты оқырмандар және жас жеткіншектер өзі тұратын елді-мекен тарихын, мәдениетін тереңірек білуі мақсатында Облыстық Мәдениет Департаменті және облыстық Н. В. Гоголь атындағы әмбебап ғылыми кітапханасының ұжымы ауыл кітапханалары арасында «Ауыл энциклопедиясы» атты сайыс жариялаған болатын. «Ауыл энциклопедиясын» әзірлеу барысында ауыл кітапхана-

шылары өз ауылының көне тарихын іздестіруде көптеген жұмыстар жүргізді. Бұған ауыл тұрғындары да атсалысып, көнекөз қариялардан шөжірелер жазылып алынды. Ауылдың көшегісі мен бүгінгісі байланыстырылып, ауыл келбеті айқын көрініс тапты. Осы «Ауыл энциклопедиясы» сайысы нәтижесінде мазмұнды, тарихты терең қамтыған жеті ауылдың энциклопедиясы жоғары бағаланды.

«Ауыл энциклопедиясын» жазудағы мақсат – туған өлке тарихын, мәдени мұрасын, өлке шөжіресін зерттеп, көпшілікке ұсыну.

Кие қонған қасиетті Қарқаралының тайқазандай тарихы кемерінен асқан құнды деректерінің парағы тағы бір тарихи күнмен толығытын болады.

Биыл – қыран қанатты, дауылпаз ақын Қасым Аманжоловтың 100 жылдық мерейтойы. Қасым – қарымды журналист, сұңғыла сыншы, талантты драматург, сырлы сазгер, қуатты аудармашы.

Қазақ әдебиетінің қайталанбас тұлғасы, ақын Қасым Аманжоловтың ғасырлық мерейтойына орай орталықтандырылған кітапханалар жүйесінде жыл басынан бері жоспарлы мәдени іс-шаралар өткізіліп келеді. Атап айтсақ, «Боламын ақын Қасым әлі де мән, Бәрін де қарсы аламын ән-күйменен» атты кітап көрмесі, «Шабыт берші ақын арқалы, Жырдан шашу тойыңызға торқалы» атты Қасымтану сағаттары, «Қасым рухымен» атты альбомдар, «Қасымның жыр өрнегі – Қарқаралы» тақырыбында оқушылардың жыр жарысы ұйымдастырылмақ. Бір жарым ғасырға жуық жасаған қарт кітапхана тарихынан әлі талай таңғажайып оқиға тіл қатады.

Демек, өткен күннің шөжіресіші – кітапхана. Сондай-ақ кітапхана – көпшілікті оқу мәдениетіне тәрбиелеу мектебі, оқу-білім ордасы.

Білім іздесеңіз, жаныңыз кірлемесін десеңіз, кітапханаға келіңіз!

ФРАНЦИЯ

ҰЛТТЫҚ КІТАПХАНАСЫ

Орналасқан орны
Франция, Париж

Толық жинағы
Жинақ көлемі 31 млн бірлік
(14 млн кітап)

Ену және пайдалану
Оқырмандар саны
1,3 млн жылына
Басқа да ақпарат
Бюджет €254 млн
Қызметкерлер
саны - 2 651

Веб-сайт
<http://www.bnf.fr/>



Еуропадағы ежелгі кітапхана

Франция Ұлттық кітапханасы – Еуропадағы ең ежелгі кітапханалардың бірі. Қорының көлемі жағынан әлемнің алып кітапханалары қатарында, анығында, жетінші орынды иелейді. 1368 жылы негізі қаланған корольдік кітапхана Франция королі Карл V-нің көзіндегі (1364-1380 жж.) Лувр мұражайында қызмет көрсете бастаған. Кітапхананың алғаш қорында 1200 жазба болған. Уақыт өте келе, бұл жинақтан ештеңе қалған жоқ. Сондықтан патша XI Людовик таза парақтан сарай қоймасын құруға мәжбүрледі. Елдің көзекті королі I Франциск бол-

са, Францияда жарық көрген өрбір кітаптың бір-бір данасын кітапханаға жеткізуді бұйырды. 1544 жылы барлық жинақ Луврдан Фонтенблоға шығарылды.

XVII ғасырда кітапхана қайтадан Парижге көшіріліп, 16-22 жылы тұңғыш каталогы шығарылды. Францияның 31-ші королі XIV Людовик өп басқарған кезеңде кітапхана қызметі көпшілікке арналып, оған оқырмандардың еркін кіруіне мүмкіндік берілді. Кітапхана Ұлы Француз революциясы кезіндегі заң шығарушы орган – Конвенттің шешімімен қазіргі атауын иеленді. XIX ғасырда Леопольд-Виктор Делюильдің күш салуымен қолжазба бөлімі кеңейтілді. Төңкеріс тұсында кітапхана қоры 300 000 томға де-

йін жетті. Бұл уақытта ақсүйектер мен дінбасылардың жекө кітапханалары қолданыстан шығарылған болатын.

Франция Ұлттық кітапханасы өр дәуірде өр түрлі аталып келді: король, корольдік, императорлық және ұлттық кітапхана. Ұзақ жылдар бойы француз патшасының жекө кітапханасы болып есептелді.

Пипин Короткий патшаның қолжазбалар жинағы болды. Карл Великий Ахендегі кітапхананы құрғызады, бірақ патша дүниеден өткеннен кейін кітапхана сатылып көтеді. IX Людовик патша тағы да үлкен кітапхана жинайды да оны төрт діндарлар қауымына есиет етіп қалдырады.

Париж кітапханасының нақ-

ты негізін қалаған – V Карл. Ол өзін ғана ойлап қоймай, ғалымдардың да кітапханада өмін-өркін жұмыс жасауына жағдай туғызды. Ол қолжазбаларды сатып алып, жазуға міндеттеумен қатар, бірқатар кітаптарды «патшалық пен бүкіл христиан әлемінің пайдасына» ауыстырды. 1367-1368 жылдары кітапхана, патшаның бұйрығы бойынша Лувр қорғанындағы Соколина мұнарасына көшірілді.

Каталан атласы – француз патшасының кітапханасындағы құнды қазыналардың бірі.

1373 жылы оның каталогы жасалып, 1380 жылы тағы да толықтырылды. Бірақ кітапхана қорындағы кітаптарды патшаның туыстары сұрап алып, қайтарып бермеген. Сол кітапханадағы 1200 тізбеден бізге жеткені – жиырма тарау.

XII Людовик лувр кітапханасын Блуа қорғанына көшіріп, кітапхана қорын Орлеан герцогының, ата-бабаларының жинағымен толықтырды. Сондай-ақ миландықгерцогтардыңбай кітап қорын сатып алды, кітаптардың бірқатары итальян ақыны Петрарканың кітапханасынан жеткізілген.

I Франциск ғалым-кітапханашы Бюдөнің корольдік кітапханасына өзінің жеке, атала-

рынан мұраға қалдырылған кітапхананы қосты, кітапхана-сын үлкейту үшін Францияда жөнө шөт өлдерде де кітаптар жинауға бар күшін салды. 1523 жылы Фонтенбло сарайына бай кітапханасын жайғастыруға бұйрық берілді. Дәл осы жерде Блуа қорғанынан көшіріліп өкөлген грек қолжазбалары кітапханасының негізі қаланды. Сонымен корольдік кітапхана Еуропадағы ең бай кітапхананың бірі болды. Бірте-

түптеушісі қызметі құрылды.

IX Карл патшалық құрған дәуірде Фонтенбло сарайындағы кітапхана Парижге тасымалданады. XIII Людовиктің билігі тұсында Луврда кітапхана ашылып, оған патшаның жеке өзі ғана иелік өтті. Король кабинеті аталды.

XIV Людовик патшалық құрған кезеңде корольдік кітапханаға маңызы бөлөк бірқатар кітаптар мен қолжазбалар сыйлыққа алынады. Кітапхананың

негізгі жетекшілігі патшалық гимараттың бас интенданты ретіндегі Кольбердің қолында болды.

Сол дәуірде кітапханаға сатып алынған құнды қазыналар мыналар болды: кітаптар жинағы (9000 том) мен ағайынды Дюпюи тарту өткен қолжазбалар (260), Гастон Орлеанскийдің кітап, қолжазба, медаль, миниатюра, сурет жөнө басқа да сирек басылымдардан тұратын сыйлықтары. Граф де Бетюннің сыйлықтары да – тамаша тарихи құжаттар жинағы, жи-



бірте бұл патшаның меншікті кітапханасы ретінде есептелмей, ғалымдарға арналған ашық қоғамдық мекемеге айналды. I Францискінің кезінде корольдік кітапхананың бас кітапханашысы, оның көмекшісі және кітап

нақтың жалпы саны – 1923 том. 1715 жылы кітапханаға Геңьердің әйгілі жинағы сыйға алынады. 1669 жылы дәрігер Жак Ментельдің кітапханасы сатып алынады, мұнда 10000 кітап пен 136 қолжазба болған.



Мемлекет қайраткері Жан-Батист Кольбер ғалымдарды сирек басылымдарды іздестіру әрі сатып алу үшін шет елдерге жіберіп отырды. Осылайша, Шығыстаң, Грециядаң, Египеттең, Парсы елінен, Константинопольдаң, Италиядаң, Португалиядаң, Швециядаң және басқа да елдерден құнды қолжазбалар жеткізілді.

XV Людовиктің билігі кезінде кітапханаға 20-ға жуық көне қолжазбалар мен кітаптар жинағы сатып алынды. Шығыс елдерімен байланыста болу арқылы кітаптар жеткізу жұмысы жалғасып отырды. Сонымен, 1723 жылы Үнді ком-

паниясы 1800-ден аса қытай кітаптарын жолдайды.

Ұлы төңкеріс дәуірінде бірқатар монастырьлер мен эмигранттардың жинақтаған қисапсыз кітаптары кітапхана қорына өткізілді. Ең бай жинаққа Монастырь Сен-Жермен-де-Пренің 9000-нан аса ежелгі жазбасы жатса, содан соңғысы Соброннаға тиесілі – 1575 жазба. Бұдан кейінгі кітапханаға алынған қазыналар – француз революциясы туралы 10 000 кітаптан тұратын Лабедойэра жинағы, француз ағартушылары – Вольтер (1996 кітап) мен Монтен (1440 кітап) жайлы жазылған еңбектер және

350-ге жуық көріс жазбалары.

1988 жылы Францияның экс-президенті Франсуа Миттеран (1981-1995 жж. ел басқарған) кітапханаларды реформалау бағдарламасына қолдау білдіреді, соған сәйкес негізгі қор Париждің XIII округіндегі заманауи үлгідегі зәулім ғимаратқа көшірілді. Бұл кезеңде кітапханадағы баспа өнімдерінің саны 9 миллионнан асып түскен.

Француз кітапханасы 1793 жылғы дерекке сай дүниежүзі бойынша ең алғашқы ақысыз қоғамдық кітапхана болып саналды. Мемлекеттік мекеме ретіндегі Франция Ұлттық

кітапханасының міндеті — Францияда жарияланған материалдар көшірмелерінің коллекциясын жасақтау. Заңға сәйкес, баспа өнімдері осында сақталуы тиіс өрі оларға қоғамдық қолжетімділік нүктесі болуы керек.

Француз Ұлттық кітапханасы XIX ғасырда дағдарысқа ұшырады. Қордың басым бөлігі таратылып, каталогы жасалмады, соның салдарынан оқырмандарға да қол жеткізу мүмкін болмады. Енді бір бөлігі жәме және монастырлық коллекцияларды мемлекет меншігіне айналдырғаннан кейін барып қалыптасты. Сол мәзімдерде теркіленген 1,5 млн том Парижге, 6 млн алыс аймақтарға жіберілді. Алайда билік органдарының кітапты сақтау, оларды өңдеу өрі оқырмандарға ұсыну жайлы бұйрықтары өшқандай нәтиже бермеді. Бірқатар кітаптар жоғалып кетсе, бірқатары сатылып кетті немесе ұзақ уақыт

бойы алыс аймақтардың кітапханаларында «жансыз жүк» күйінде қалды. Дегенмен, кейбірі Парижге, Ұлттық кітапханаға да кәліп түсті. Ал оларды сұрыптау көп уақыт, көп күш қажет өтті. Каталогтеу жұмысы XX ғасырдың басында ғана аяқталды. 1867 жылы сөулеттік-жоспарлы қарарлар бойынша бірегей жаңа оқу залы ашылды.

1988 жылғы 14 шілдеде Француз Ұлттық кітапханасының жаңа ғимаратының құрылысы басталды. Сәгіз жылдан соң, 8 млрд франкке түскен кітапхана оқырмандарына өсік ашты. Ұлттық кітапхана — бұл 4 мұнара. Ол: Заңдар, Сандар, Уақыт және Әріп. Мұнаралардың биіктігі — 28 метр.

Француз Ұлттық кітапханасы — зияткерлік жоба.

Франция Ұлттық кітапханасы симметрия принципінә негізделген. Жоба латынның «L» өрпі формасындағы 4 бұрышты мұнаралардың көмегімен

ашылды. Мұнаралар бір-біріне қарама-қарсы қарап, ашық тұрған кітапты көз алдына өкәледі. Осы ашық кітаптар ішінде кітапхана залдары және алып эспланада бөр. Эспланада — таңғажайып гүлбақпен көмікәрілген, көпшілікке ашық қолжетімді айдынды алаң. Эспланада — оқуға өрі көздәсуге арналған алаң. Бұл — адамзаттық асыл ойлар мен шығармашылықтың айнасы.

Бұл жабдықтардың артықшылығы — кітаптарды сақтауға жайлы жағдай жасалатындығы, сондай-ақ күндәлікті пайдаланушының комфортты жағдайды сөзінуі, тиімді мониторинг пен басқару жүйесінің болуы.

Ұлттық кітапхананың қоры өлдегі маңызды кітаптардың жинағы деп өсептөледі. Оның нәгізі — XV ғасырдағы Корольдік кітапхана. 1537 жылдан міндетті даналарды, яғни баспа өнімдерінің барлық түрін, барлық ақпарат жеткізігіштерді алып көледі.

Кітапханада 5 000 шамасында грек жазбалары сақталған. Жазбалар қоры үшке бөлінеді: fonds grec, fonds Coislin және supplement grec.

Француз Ұлттық кітапханасы 2010 жылы сәгіз миллион еуроға бөлігіні итальяндық жанкөшті өрі жазушы Джакомо Джироламо Казанованың жазбаларын сатып өлді, мұны неміс баспагерлері 200 жыл бойы сақтап кәлген. Қолжазба 3,7 мың бөттен тұрады, нәгізгі бөлігі — Казанованың 1769 жылы қолға ала бастаған «История моей жизни» атты өңбегі.





«Галлика» онлайн-кітапханасы

«Галлика» (фр. Gallica) – Франция Ұлттық кітапханасының онлайн-кітапханасы. Кітапхананың барлық материалдарына емін-еркін қол жеткізуге мүмкіндік бар. Кітапхана қорындағы құжаттар: кітаптар, журналдар, газеттер, фотографиялар, карикатуралар, плакаттар, карталар, қолжазбалар, партитуралар, аудиоматериалдар, кітап миниатюралары.

2010 жылғы 10 ақпанда француз ақыны әрі жазушысы Анри Мюрженің «Сцен из богемной жизни» атты еңбегінің скан-көшірмесі Галликадағы миллиондаған құжаттар қатарына қосылды. 2011 жылғы 22 сәуірдегі жағдай бойынша Галлика оқырмандарына 1 400 000-ға жуық құжат ұсынған. Галлика қорының басым бөлігіне OCR-

өңдеуін жүргізген соң құжаттар мәтіні бойынша іздестіруге мүмкіндік болады. Әрбір құжат цифрлы идентификаторға ие, теңгерім Archival Resource Key (ARK) деп аталады.

Франция Ұлттық кітапханасындағы құжаттарды цифрлау 1992 жылдан бастау алды. Алайда Галликаның өзі 1997 жылы «Көрнекті тұлғалардың виртуалды кітапханасы» деген ұранмен құрылды. Кітапхананың екінші нұсқасы 2000 жылы жүргізілді. Алдымен, цифрланған құжаттар факсимил формасында, уақыт өте келе PDF файлы түрінде оқырманға ұсынылып отырды.

2006 жылғы сәуірдегі Gallica ұсынған Желідегі көрініс: 90 000 том, 1200 толық мәтінді, 500 дыбысты құжат және 80 000 суреттеме.

2007 жылғы қараша айында Safig-пен келісім-шарт бекітілді, заңды келісім бойынша жылына 1 млн құжат есебінен 3 млн құжатты цифрлау қарастырылған.

Gallica 2, Галликаның үшінші нұсқасы, 2007 жылғы қарашадан қызмет көрсете бастады. Сонымен қатар алғашқы нұсқасы да оқырмандарға қолжетімді болып қала берді. Еуропалық «Europeana» онлайн-кітапханасымен Галлика

құжаттарының сипаттамасын бірлестіруге мүмкіндік туды. Gallica 2 әрбір оқырманның талап-тілегімен келісімге келе отырып, интерфейсті жандандырады.

Галлика авторлық құқығы бар шығармаларды кітапханаға интеграциялау жобасын жасайды. Кітапхананың іздестіру машинасы еркін құжаттарға да, еңуге шектеу қойылған құжаттарға да қол жеткізуге мүмкіндік береді. Метадандық OAI-PMH (англ. Open Archives Initiative Protocol for Metadata Harvesting) хаттамасы арқылы Галлика өзінің серіктестері саналатын басқа онлайн-кітапханаларға да жол ашады.

2009 жылғы наурыз айында Gallica мен Gallica 2 бірлестірілді. Жаңа интерфейс 2010 жылғы 19 ақпанда көрініс алды.

Кітаптарды сканерлеу технологиясының пайда болуымен Франция Ұлттық кітапханасы әлемде тұңғыш рет аса қажетті құжаттарды цифрлап, мына мекен-жай бойынша ғаламторға жайғастырды <http://gallica.bnf.fr>.

Кітапхана машиналық аударма мен сөздерді танып білу технологияларын дайындауға бағытталған «Quaero» зерттеу жобасына да қатысуда.

Дайындаған Айсұлу СЕЙІЛОВА
e-mail: azse@mail.ru





Бүгінде ауыл кітапханасы ауылдағы әлеуметтік құрылымның ажырамас бөлігіне айналды, сондай-ақ еліміздің тарихың, мәдениетін сақтауға да мүмкіндік береді. Әрқайсысының өзіндік жетістік формуласы бар, бұл жергілікті халыққа қажетті етеді.

Қазіргі таңда Қазақстандағы, ҚР Мәдениет министрлігі желісіндегі ауыл кітапханаларының саны – 3268. Көп жағдайда, бұлар ауыл тұрғындары үшін ақпарат пен білімнің бірден-бір көзі болып саналады. Барынша баянды, барынша қолжетімді мәдениет мекемесі болып қала береді.

Қазақстандағы ауыл кітапханаларын әрі қарай дамытуға деген үкілі үмітіміз ауылға қатысты мемлекеттік саясатпен, қоғамдағы кітапханалардың маңыздылығына деген мемлекеттік түсінікпен, ауыл халқының ақпаратқа, білім мен мәдениетке қол жеткізуінің маңыздылығын мемлекет қайраткерлерінің сезінуімен тікелей байланысты. Кітапханалардың сындарлы қызметі үшін жергілікті биліктің ұстанымы да маңызды.

Сондықтан екінші бөлімде әр алуан себептермен оқырман қауымға жете бәрмейтін ауыл кітапханашыларының көп қырлы қызметі қамтылды. Анығында да қызықты, қайырымды істер атқарылуда. Осыған сіз келесі материалдарды оқи отырып көз жеткізе аласыз.



2 блок



Бибігүл ШАФИЕВА,
А. С. Пушкин атындағы
Шығыс Қазақстан облыстық
әмбебап ғылыми кітапханасы
директорының орынбасары,



Шекер САҚЫБАЕВА,
А. С. Пушкин атындағы Шығыс
Қазақстан облыстық әмбебап
ғылыми кітапханасының
қызметкері

АУЫЛ КІТАПХАНАСЫ: ОЙ-ТОЛҒАМ

К

ітапханалар ежелден келе жатқан әлеуметтік институт болғандықтан білімнің қайнар көзін жинақтап, сақтауды әрі пайдалануға ұсынуды міндетіне алған. Ал кітапхананың қоғам өміріндегі маңыздылығы дәлелдеуді қажет етпейді. Бірақ кітапханалардың даму деңгейі – өте баяу. Кейбір ауылдарда кітапхана атымен жоқ. Қазіргі кітапханалардың типтік ғимараты болмағандықтан оқу залдары, топпен жұмыс істейтін арнайы бөлмелері де қарастырылмаған. Кітапхана қорларының ба-сым бөлігі ескірген әрі нашар

жаңартылады. Газет-журналдардың түрлері 3-4 атаумен (орта есеппен) ғана шектелген. Сондықтан қала мен ауыл кітапханалары қорының мазмұны/сапасы, сонымен бірге техникалық-технологиялық жабдықталуында елеулі айырмашылықтар бар. Ауыл кітапханаларын жылу-электрмен қамтамасыз етудегі мәселелер де аз емес. Сонымен бірге ауыл кітапханашыларының кәсіби біліктілігін көтеруге қаржы бөлінбейді. Бұл ретте кітапхана бюджеті ауданның нақтылы экономикалық жағдайына қарай бөліне бермейді. Кейде бұл ауданның мәдениет са-

ласында ұстанған саясатына да байланысты. Бұл ретте аудандық мәдениет бөлімдері мен аудандық кітапхана басшылары қаржылық ресурсқа үміткер басқа талапкерлермен салыстырғанда әлсіздік танытатыны да – басты себептің бірі.

Бүгінде Шығыс Қазақстан облысындағы ауылдық жерлердің 70%-зы кітапхана қызметімен қамтылмаған. 2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша облысымызда 312 көпшілік кітапхана болса, соның ауылдық жердегісі – 263. Өкінішке орай, еліміздің Тәуелсіздігіне 20 жыл толса да,

1991 жылғы кітапханалар желісі санына өлі де жете алмай келеміз. Ол кезде біздің облыста 1149 көпшілік кітапхана, 160 балалар кітапханасы болған. Сонымен бірге, «қызыл отаулар» мен шалғай елді-мекендерге қызмет көрсететін жылжымалы библиобустар жұмыс істеген. Осы мәселені талдай келе ҚР Мәдениет министрлігінің материалдарына назар аудардық (<http://www.mk.gov.kz>). 16 млн аса халқы бар біздің елімізде бар-жоғы 4 075 көпшілік кітапхана жұмыс істейді: облыстар бойынша 64-тен бастап (Маңғыстау облысы) 432-ге де-

тылған. Елбасымыздың есімімен аталған халықаралық деңгейдегі техникалық университетте ақпараттық-коммуникациялық технология, ғарыштық және нанотехнология, компьютер инженерингі салаларының мамандары әзірленуде. Сонымен қазіргі заман жаңа мамандар әзірлеуді талап етеді, ал жалпы халықтың төң жартысына жуығы тұратын бір-бірінен шалғайда жатқан ауылдарымызда дұрыс жол да жоқ. Көптеген ауыл кітапханаларында Интернет тұрмақ, телефон да жоқ. Біздің аймақтағы ауыл кітапханаларына кірсеніз

Оған қоса, еден жуушы, от жағушы қызметтерін де ақысыз атқарып жүреді. Көп жағдайда ауыл кітапханашылары өз қызметтеріне жатпайтын жұмыстарға тартылады: ауыл тұрғындарының шаруашылығын тіркеу, тұрғындарды ауылдық жиындарға шақыру, т.б.. Ауылдағы әріптестеріміздің қайырымдылық істері таңғалдырады, тіпті кейбір тапқырлықтары өзү тартқызады. Мәселен, Глубокий ауданының Секисовқа ауылының кітапханашысы екі қабатты үйдегі өзінің өкі бөлмелі пәтерін кітапханаға берді. Бір бөлмесін қолөнер бұйымдары, көне самауыр, тағы басқа заттар қойылған өпкетану мұражайына айналдырды. Ал оқу залы бөлмесінде кітап сөрелерінің орнына медициналық құрал-саймандар тіреуішін қолданып отыр. Мұндай кітапханашылар аз емес. Олар тіпті азғантай ғана ескірген кітап қорымен ауыл оқырмандарын кітап оқуға тартады. Дегенмен олардың да өрік-жігерінің шегі бар.

«Көптеген ауыл кітапханаларында Интернет тұрмақ, телефон да жоқ. Біздің аймақтағы ауыл кітапханаларына кірсеніз – екі ғасырға кері кеткендей күй кешесіз».

йін (Оңтүстік Қазақстан облысы). Яғни, біздің облысымыздағы кітапханалар желісінің жағдайы жалпы өліміздегі кітапханалар желісіне төн көрініс, соған қарап барлық облыстардың жағдайын болжауға болады.

Елде «Электронды Үкімет» бағдарламасы жүзеге асырылуда. Елбасымыз инновациялық технологияны пайдалануды ұсынып, өзі де планшетник пен смартфонды қолданатынын айтады. Министрлер кабинетінің барлық мүшелері жұмыс барысында пайдалану үшін смартфонмен қам-

– екі ғасырға кері кеткендей күй кешесіз. Ғимараттары суық, өткен ғасырдың 70-жылдары жарық көрген кітаптарымен ауыр стеллаждар, азкемүстел-орындықтар, қалам және бояумен (тушьпен) орындалған көркөм безендіру...

Соның өзінде ауылдағы әріптестеріміздің өнертапқыштығы да таңғалдырады – көптеген ауыл кітапханашылары өз қаражаттарына ғимаратты бояп-сырлап, үйлерінен перде, сөрелер өкеліп кітапхананы безендіруде.



Серік МҰҚАНОВ,
Алматы облысы әкімінің
орынбасары

1. Көптеген ауылдарда кітапханалар адамдардың бірден-бір мәдени демалыс орны саналатыны белгілі. Кітапханалар халықты ақпаратпен қамту тәрізді басты бағытынан айрылып қалмауы үшін Сіздің облыста вендей істер атқарылуда?

Халықты ақпаратпен қамтамасыз ету үшін барлық ауылдық кітапханаларды ғаламтор желісіне қосу жұмыстары атқарылуда.

2. Сіздің облыстағы ауыл кітапханаларының саны? Сіздер олардың жұмысына қандай да бір мониторинг жүргізесіздер ме?

Алматы облысы бойынша жыл сайын жаңадан кітапханалар ашылып, саны өсуде.

Бүгінгі ауыл кітапханаларының алдында инновациялық технологияларды енгізу мәселелері тұр. Жергілікті бюджеттен және қолдаушылар арқылы қажетті кітап қорын көбейту, материалдық-техникалық базасын жақсарту, үлгілі ауыл кітапханаларының санын көбейту қажеттілігі туындап отыр.

3. Сіздің оқырман ретіндегі таңдауыңыз?

«Кітап патшалығы» журналы ұсынып отырған бірінші, екінші бөлімдер кітапханашылар үшін өте қажет. Кітапхана қызметкерлері көрек мөлметтерін осы журнал арқылы пайдалануға мүмкіндік алды.

«Олар тіпті азғантай ғана ескірген кітап қорымен ауыл оқырмандарын кітап оқуға тартады. Дегенмен олардың да ерік-жігерінің шегі бар. Өйткені халықтың ақпараттық талабының екпіндеп өсуіне қарай, ауыл кітапханашысының мүмкіндігі де күн санап түгесіліп келеді».

Өйткені халықтың ақпараттық талабының екпіндеп өсуіне қарай, ауыл кітапханашысының мүмкіндігі де күн санап түгесіліп келеді.

Қала мен ауыл арасындағы ақпараттық айырмашылық – ақпараттық бай және ақпараттық кедей адамдарға бөлудің басты себебі. Сәйкесінше, қала тұрғындары мен ауыл адамдарының өз өмірін жақсарту мүмкіндігі де әр түрлі, біреуде ол бар, ал екіншісінің қолы жетпейді. Бұған себеп – алдымен, ақпараттық кеңістіктің, ақпаратты әр түрлі тілде және түрлі форматта (баспа, аудио-, бейне- құжаттар, фотографиялар мен фильмдер) тез алып пайдалануға мүмкіндік беретін қазіргі заман технологияларының екпіндеп дамуы. Екіншіден, ауыл халқының ақпарат алуына дәнекерші – ауыл кітапханаларының өте баяу дамуы. Осы жағдайларды өзгерту үшін мынадай мәселелер шешімін табуы тиіс:

Кітапханалар желісін белгілеу және қорды толықтыру жөніндегі отандық нормативтердің болмауы;

Кітапхана саласына арналған арнайы мемлекеттік бағдарламалардың болмауы, мәселен, «100 мектеп, 100 аурухана»;

Мемлекеттік тілдегі басылымдар жеткіліксіз: өсіресе салалық басылымдар (жаратылыстану ғылымдары, техника, тау-кен ісі, ауыл шаруашылығы), бастауыш мектеп жасындағы және мектепке дейінгі бүлдіршіндерге арналған әдебиеттер, нашар көретін азаматтарға арналған басылымдар тапшы;

Ауылдық жерлерде телекоммуникациялық инфрақұрылым дамымаған;

Отандық кітапхана ғылымының баяу дамуы, соның салдарынан мемлекеттік тілдегі кәсіби басылымдардың тапшылығы;

Ауыл кітапханаларының өз жерлестері мен жергілікті биліктің қандай да мәселелерін шешуге көмек берудегі өз жетістіктері мен жұмыстарын көрсете алмауы.

Сонымен бірге, Халықара-

лық кітапханалық ассоциациялар федерациясы (IFLA – www.ifla.org) жариялаған кітапхана қызметінің халықаралық стандарты бар. Бүкіл әлемде кітапхана қызметінің сабақ аларлық, үлгі боларлық мысалдары аз емес. Мәселен, Францияда кітапханалар сәулет ескерткіштері ғимараттарында немесе қазіргі заманға сай бизнес мекемелерінен кем емес орындарда жайғасқан. Неге отандық кітапхана ісінде, басқа өлеуметтік-экономикалық салалардағыдай, амбициялық (ершіл) мақсат қоймасқа – әлемдік

«Ескере келсек, елімізде мемлекеттік бағдарламалар аз емес. Өкінішке орай, соның көпшілігінде кітапхана аталмайды».

стандартқа қол жеткізбеске?

Әдетте, бүкіләлемдік кітапхана қоғамдастығының үздік тәжірибелері Интернетте жарияланады. Онымен халықаралық конференцияларда (ИФЛА, Қырым, Либком тәрізді) танысуға болады. Шетелдік өріптестер бірлескен қызметке үнемі ашық әрі біздің іс-тәжірибе алмасу бағытындағы шақыруларымызды жылы қабылдайды. Ескере келсек, елімізде мемлекеттік бағдарламалар аз емес. Өкінішке орай, соның көпшілігінде кітапхана аталмайды. Егер сол бағдарламаларға қатыссақ, кітапханалардың заман талабына сай қызмет көрсетіп, жеке мақсатты ауқымды жобаларды жүзеге асыруын талап етуге мүмкінді-

гіміз бар.

Бізде ауыл кітапханалары жұмысының тамаша мысалдары аз емес, шындығына келсек, оларсыз бірде бір іс-шара өтпейді. Бірақ ауыл кітапханасының жұмысы әрқашан бағалана бермейді, әдетте қандай да бір ірі акция қорытындысы кезінде кітапхананың атқарған ісі ұмыт қалады? Неге? Ойланатын жайлар аз емес...

Сонымен, ауыл кітапханаларының шешімін күткен мәселелері де, жағдайын жақсартатын мүмкіндіктері де бар. Осы

орайда, облысымыздағы ауыл кітапханаларының мәселелерін шешетін мынадай жолдары бар деп ойлаймыз:

1. Қорды толықтырудың отандық нормативтері болмағандықтан, халықаралық стандарттарға жүгіну, оларды кітапхана бюджетін құруда және стратегиялық жоспарлар әзірлеуде басшылыққа алу:

1000 тұрғынға жылына 250 жаңа басылым тиісті, ауылдық кітапханалар 15-20 мерзімді басылым атауын алып отыруы тиіс, аудандық кітапхана – 60-80, балалар кітапханасы – 30-40 газет, журнал атауларына жазылулары шарт.

2. Жыл сайын аудандық

Серік БЕКТҰРҒАНОВ,
Қостанай облысы әкімінің
орынбасары

1. Көптеген ауылдарда кітапханалар адамдардың бірден-бір мәдени демалыс орны саналатыны белгілі. Кітапханалар халықты ақпаратпен қамту тәрізді басты бағытынан айрылып қалмауы үшін Сіздің облыста нендей істер атқарылуда?

Ауыл тұрғындарының ішкі әлемі, тіпті, барлық социумның мәдени рухы қалыптасатын негізгі орын – ауыл кітапханасы. Осы сала бойынша алға қойған тапсырмаларды іске асыру үшін облысымызда кітапханалық жүйелерді қаржыландыру, дамыту және жаңарту мәселелері оң шешімін тауып отыр. Мысалы, 1999 жылмен салыстырғанда кітапханалар бойынша өсім 43 ұйымды құраса, 2004 жылғымен салыстырғанда 14 ұйымға өсті. Бүгінгі күні 372 ауыл кітапханасы жұмыс істейді, бірінші жарты жылдықта 4 жаңа ауыл кітапханасы ашылды.

Ал кітапханаларға ортақ міндеттердің бірі – кітап қорын толықтыру. Ағымдағы жылы осы мақсаттарға 20 млн теңге көлемінде қаржы жұмсалды. Ауыл тұрғындарының ақпаратқа еркін өну мүмкіндігімен қамтамасыз ететін жазылымға 19 млн 599 мың теңге бөлінді.

Кітапханаларды компьютерлендіру де – өзекті мәселе. Осы тоғыз ай ішінде 112 кітапхана компьютерлендірілді, яғни 10 млн 964 мың теңгеге компьютер сатып алынды. Интернет жүйесіне 19 ауыл кітапханасы қосылды.

Биылғы 1 қазандағы жағдайы бойынша облыста көп функционалды, ақпараттық, мәдени әрі білім беру орталығы іспетті 13 үлгілі кітапхана жұмыс істейді.

Осылайша, ауылда қызмет көрсететін кітапханалар ауылдағы барлық өлеуметтің талабын арындап, мәліметпен қамтып отыр.

2. Сіздің облыстағы ауыл кітапханаларының сапсы? Сіздер олардың жұмысына қандай да бір мониторинг жүргізесіздер ме?

Ауыл кітапханаларының дамуында оң өзгерістер болуына қарамастан, кітапханаларды жаңарту мәселесі әлі ашық. Мен жыл сайын бюджетті жасау кезінде әрбір ауыл кітапханасының қорының толықтырылуына және жазылымына 200 мың теңге кәлемінде қаржы қарастырып қоюға тапсырыс беріп келдім. Бірнеше кітапхана өздерінің қорлары жеткілікті ресурстардан, өлеуметтік әріптестік шеңберіндегі демеушілерден қаржы тарту арқылы толықтыруға мүмкіндік алды.

Ауыл кітапханаларының оқырманға қызмет көрсету саласын көтеру үшін кітапханаларға жаңау жұмыстарын жүргізуді, компьютерлендіруді және телефон желісіне қосуды талап етеді. Емалы тоғыз айда 20 миллион теңге сомасына 180 ауыл кітапханасы жөндегіп, желілер оқыл алынды.

Ауылдағы кітапханалық қызметті дамытудың негізгі перспективалары кітапханаға қаржылық қолдау көрсетумен, компьютерлендірумен, ауыл кітапханашыларының біліктілік деңгейін көтерумен тығыз байланысты болды.

Қазіргі пайдаланушы электронды құралдық кітапханаға мұқтаж, өң бастысы оған алғыашарттар бар. Бұл мүмкіндік ауыл тұрғындарында да болуы керек. Өйткені ауыл кітапханасы – ауылдағы ақпарат арнасы.

мәселесі тек пін өзімдік көңес-терінің күн төрткісіне кітапхана жалғисінің жаңдағы мәселесін міндетті түрде өнгізу қажет. Ау-дан өзімдері рейтингін шы-



ғару барысында кітапхана ме-селесі критерийін өнгізген жөн.

3. Кітапхана желісін дамы-туда халыққа қазіргі заман та-лабына сай қызмет көрсететін жаңа кітапханалар ашуын та-лап өту. Яғни, мақаратта: жылу, электр жарығы, тиісті желілер және компьютерлік техноло-гиямен жабдықталған алаңдар болуы тиіс.

4. Ауыл кітапханаларының құрылымы барысында өле-мдік іс-тәжірибесі басшылыққа алып, құрылыстық жобаларды конкурстық негізде өзіртөу. Бұл – қажетті техникамен және желілермен жабдықталған жаңа типті кітапхана болуы кер-ек, ол көң дә тартымды зал-дары, жастар мен балаларға арналған жөке бөлмелері, мү-ғадаттар үшін арнайы орындары бар мақарат болуы тиіс.

5. Жергілікті билік орган-дарымен кітапханалардың Ин-тернетке қосылуын үнемі та-лап өту. Барлық жарық көрген өдебиетке қол жеткізу мүмкін емес өрі ол бәрібір жеткілікті болады. Өйткені тұрғындардың ақпаратқа деген талаптары тез өгеріп отырады. Ауылдық кітапхананың Интернетке қосылуы оның мүмкіндіктерін ке-ңейтеді: қаламгердің көме-гімен облыстық, ұлттық, тіпті



шетел кітапханаларымен қа-жет материалдың электронды нұсқасын алуға болады.

6. Кітапхана жетістіктерін БАҚ бетінде, телеарналардың жаңалық хабарларында бел-сенділікпен көрсету керек. Сонда кітапхана қызметінің ықпалын ауылдаудан кеңірек көтеруде, жергілікті билікке мәліметтік бағдарламаларды жүзеге асыруға көмек беруде, жергілікті билік орган-дары мен қоғамдық жобаларында және басқа да түрлі іс-шаралардағы кітапхананың үлесін көрсетсек.

«Біз еліміздегі кітапхана саласын дамыту үшін екпінді іс-әрекеттегі ұлттық бағдарламаларға қол жеткізгіміз келеді. Онда жылжымалы кітапханалар желісін құру, ауылдық модельді кітапханалар құрылысын салу, сонымен бірге ауылдық кітапхана мекемелерін автоматтандыру және Интернет желісіне қосу жөніндегі арнайы бағдарламалар ескерілсе екен дейміз».

7. Үнемі қолданыстағы кітапхананың веб-сайттарын құрып, өзекті бөлімдерін жүйелі жаңарту (жаңалықтар, толық мәтінді өлкетану материалдары, онлайн қызметі). Бұл жұмыс та кітапхана беделін көтеруге өзіндік ықпалын тигізетіні сөзсіз.

8. Кәсіби біліктілікті жетілдіру бағдарламаларына халықаралық кәсіби кездесулерді өткізу, мысалы, жыл сайынғы Қырым конференциясына мақсатты қаржы бөліп қатысу.

Сонымен бірге, ауыл кітапханаларын тұрақты дамыту үшін мұғалімдер/дәрігерлердің және мәмлөкөттік қызметкерлердің білімін көтеру Институттары тәрізді біліктілікті көтеру орталығы қажет. Өйткені, ең алдымен, біз, кітапханашылар, өзіміздің кәсіби әлеуетімізге сенім артқанымыз жөн. Ол үшін бізге кітапхана жұмысын сауатты жоспарлай білу қажет, сонда ғана адамдардың өмір деңгейінің жақсаруына көмек беретіндей нәтижелерге қол жеткізе аламыз. Бізге жер-

гілікті қоғамдастықта өз жетістіктерімізді шынайы және нақтылы көрсете білуге үйрену керек. Әрине, егер ауыл кітапханашысы іс-сапарға шықпаса, кәсіби саладағы өзгерістерді көріп таныспаса, қазіргі заманғы кітапхана дамуының бағыттары мен үрдістерін білмесе, бұған қол жеткізу оңай емес.

Біз еліміздегі кітапхана саласын дамыту үшін екпінді іс-әрекеттегі ұлттық бағдарламаларға қол жеткізгіміз келеді. Онда жылжымалы кітапханалар желісін құру, ауылдық модельді кітапханалар құрылысын салу, сонымен бірге ауылдық кітапхана мекемелерін автоматтандыру және Интернет желісіне қосу жөніндегі арнайы бағдарламалар ескерілсе екен дейміз.

Ауыл кітапханасының тағдыры – барша кітапхана қоғамдастығының қолында. Тек ортақ күшімізді жұмылдыру арқылы кітапхана мүддесін барлық деңгейде қорғап, нақтылы өзгерістерге қол жеткізгіміз деп сенеміз.

3. Сіздің оқырман ретіндегі таңдауыңыз?

Осы сұраққа бір мағыналы жауап беру қиын. Әр жылдары әр түрлі автормен сұхбаттасыппын. Мектептегі жылдарда Д. Родаридің, С. Маршактың, К. Чуковскийдің шығармалары есімде қалды.

Есейген кезімде А. Толстойдың «Петр 1», А. Антоновскийдің «Великий Моурави» тарихи романдарын, Демидовтар әулетінің ағайынды өнеркәсіпшілері туралы Е. Феодоровтың трилогиясың, В. Шишковтың «Угрюм-река», І. Есенберлиннің «Көшпенділер», Ә. Нұрпейісовтың «Қан мен тер» романдарын құлшыныспен оқып, соңғы беттерін қимай жапқандарым өлі есімде.

Мен кітапты сүйемін. Кітаптардан коллекция да жинаймын. Жеке кітапханамды студенттік шақтарымнан бастап құра бастадым. Сол дәуірде өз кітапханаң болса, ол жақсы мінез сипаты деп танылатынсың. Қазіргі кітапханамда тек ӨАӨ сериясының өзінен 400 томнан аса әдебиет жинақталған.

Сонымен бірге, сирек кездесетін басылымдарды да жинап жүремін. Кезінде әлемдік, кеңестік көлемдегі классиктер шығармаларының толық жинағына да қол жеткізгенмін.

Сондай-ақ кітап сөрелеріндегі басты орынды саясаттану, ауыл шаруашылығы, мемлекеттік басқару, әр алуан білім саласы бойынша шет елдік және отандық жетекші мамандардың монографиялық оқулықтары иеленген.

Жұмысбастылыққа, жиі іс-сапарларға байланысты уақытым тым аз. Сонда да кітап оқуға мүмкіндік табамын.

Новые технологии в помощь читателю



Мария Масалова,
заведующая Новоузенской
модельной сельской
библиотекой,
Карагандинская область

Особенный скачок в библиотечной технологии произошел в конце XX века, и связан он с появлением вычислительной техники, проникновением ее во все сферы деятельности и в результате - появлением нового вида документа - электронного. В настоящее время сельский библиотекарь является посредником между документом и пользователем и имеет возможность влиять на процесс удовлетворения информационной потребности читателя.

14 декабря 2006 года в Новоузенской сельской библиотеке произошло знаменательное событие - библиотеке присвоен статус модельной. Открытия обновленного учреждения сельчане ждали с нетерпением, на презентации библиотеки ее зал не смог вместить всех желающих. Уже с первых дней своего существования наша библиотека обслуживала читателей с учетом своих новых возможностей. Для этого есть все предпосылки: 2 компьютера, принтер, сканер, ксерокс. Фонд пополнился новыми документами на традиционных и нетрадиционных носителях. С появлением компьютерной техники резко возросло число посетителей.

Для библиотеки начался новый этап развития, постепенно преобразования в учреждение современного типа, сочетающее традиционные и компьютеризированные формы библиотечно-информационного обслуживания.

В зоне обслуживания села Новоузенка проживает более 1600 человек, 45% - пользователи библиотеки, из них 18% - учащиеся школ и студенты высших и средних учебных заведений, 27% - служащие, рабочие, предприниматели, пенсионеры и домохозяйки.

В своей работе мы стараемся как можно эффективнее использовать полученные новые информационные технологии. Впервые, информация о новых ресурсах библиотеки была доведена до всех пользователей. Среди абонентов группового и индивидуального информирования – работники акимата, учителя и врачи. И это дало сразу же свои результаты. Пользователи данной категории чаще стали обращаться в библиотеку за необходимой информацией. На качественно новом уровне проводятся «Дни информации», «Дни специалиста». Вот некоторые из них: «Язык - основа единения общества» для работников акимата,





«Здоровая молодежь - основа процветания Казахстана» для учителей Новоузенской средней школы, «Новое в медицине при лечении больных сахарным диабетом» для медицинских работников.

Ведется работа и с детьми. Для обучения компьютерной грамотности при библиотеке работает кружок «Наедине с компьютером».

Сегодня уже никого не удивишь словом «Интернет», хотя еще несколько лет назад большинству людей оно было не знакомо. Имея доступ в библиотеке к «глобальной паутине», более разнообразно проводим массовую работу, особенно с группой «Юношество». Это интегрированные игры и виртуальные уроки с применением всего арсенала технического оснащения библиотеки с выходом в Интернет, что делает их наиболее интересными и доходчивыми. Среди мероприятий можно выделить следующие: библиотечный урок «Навыки поиска в Интернете», интегрированную игру-путешествие «Туған жер – алтын бесігім» и многие другие.

На занятиях, проводимых библиотекарем, дети знакомятся с возможностями компьютера и приобретают навыки работы на нем. Каждый ребенок, посещающий кружок, может обучиться и самостоятельно поработать за компьютером, скопировать информацию на диски и дискеты, распечатать информацию на принтере, отправить письмо по электронной почте, отыскать нужную информацию в Интернете.

Талғат АҚЫЛБЕКОВ,
Солтүстік Қазақстан облыстық
Мәдениет басқармасының бастығы

1. Көптеген ауылдарда кітапханалар адамдардың бірден-бір мәдени демалыс орны саналатыны белгілі. Кітапханалар халықты ақпаратпен қамту тәрізді басты бағытынан айрылып қалмауы үшін Сіздің облыста нендей істер атқарылуда?

Бүгінде Қазақстан мәдениеті материалдық және рухани құндылықтардың баға жетпес қорына ие, ал мәдениет мекемелері халықтың рухына нәр беріп, олардың бірлесуіне, жалпы ұлттың бірлігі мен гүлденуінің негізін қалайтын әр түрлі мәдениеттер палитрасын қалыптастыруда.

Осы талаптарға сәйкес біз облыстың мәдениет жүйесін түбегейлі жаңғырту мен реформалауды көздейміз. Бұл ауылдық кітапханалар қызметіне де қатысты, себебі бүгінгі күннің ақпараттық технологиялары негізінде олар сапасы жағынан жаңа деңгейде кітапханалық қызмет көрсететін заманауи ақпараттық орталықтарға айналған.

Соңғы кездерде кітапхананың қоғамдық рөлін түсінуге жаңа көзқарас қалыптасуда. Қазіргі таңда біздің облыстың кітапханалары да айтарлықтай даму деңгейіне жетіп, ақпараттық және мәдени-ағарту орталықтары рөлін белсенді атқарып көле жатыр деп анық айта аламыз.

Кітаптың ауыл өміріндегі орнының өзгеруіне байланысты бүгінгі күні кітапхана тұрғындарды кітап оқуға тартумен қатар, ақпаратқа еркін қол жеткізуін де қамтамасыз етеді.

Тәуелсіздік жылдарында бірқатар маңызды мәселелер шешімін тапты. Ауылдық кітапханалар жүйесі сақталып, жыл сайын саны өсіп келеді, электронды кітапханалар көбеюде, кітап пен оқуды алға жылжытуға бағытталған ірі жобалар іске асу-

Благодаря коллекции CD-ROM читатели могут путешествовать по музеям страны и мира. Большим интересом у читателей пользуются CD-ROMы энциклопедического характера. Такие, как «Красота и здоровье» - энциклопедия для женщин, «Жизнь и здоровье», «Все о рыбалке» - для мужчин, «Динозавры», «Одежда своими руками» - энциклопедии для детей и многие другие.

Используя программы «Страны мира», «10000 рефератов» студенты и учащиеся могут проверить свои знания по предметам, готовят доклады, рефераты, интерактивно обучаются иностранным языкам. «Цифровая библиотека при Президенте Республики Казахстан» позволяет нам предоставлять бесплатный доступ пользователей к нормативным актам, касающимся обеспечения прав человека в стране, на сайте «Электронное правительство», пользователь получает полный ответ на интересующий его вопрос. Коллекция электронных копий КазНЭБ дает возможность пользователям прочитать интересующий его документ, которого нет в фонде библиотеки.

Электронные ресурсы становятся основным инструментом выполнения справок, особенно тематического характера.

Краеведение всегда было одним из приоритетных направлений в работе Новоузенской библиотеки. У нас в электронном виде имеется «Энциклопедия села Новоузенка», содержащая самые значимые события в жизни села, начиная от истории создания до сегодняшнего дня, и люди, достойные быть на страницах энциклопедии. Работа над энциклопедией продолжается, пользователи групп «Юношество» и «Учащиеся» на уроках краеведения знакомятся с ее материалами.

В 2010 году библиотека приняла самое активное участие в районном конкурсе «Эстафета Победы», объявленном сектором развития библи-

отек Бухаржырауской ЦБС к 65-летию Великой Победы. В рамках данной эстафеты был объявлен конкурс «Бухаржырауский район от истории села к истории района», куда входил материал об участниках Великой Отечественной войны и тружениках тыла нашего села. Библиотекой была выпущена брошюра «Новоузенцы в Великой Отечественной войне». За это Новоузенская библиотека была удостоена высшей награды – Гран-при. Данный документ имеется на электронном носителе и пользуется большим спросом у пользователей.

Библиотека готовит и самостоятельные электронные презентации различной тематики, но во главу угла все же ставится краеведческая дея-



тельность. «Летопись села», «Новоузенка – день сегодняшний», «Человек – художник своей судьбы» - о людях, внесших достойный вклад в развитие села Новоузенка, «Не мы судьбу, судьба нас выбирала» - материал о воинах-интернационалистах нашего села и многие другие.

места. Некрасовская сельская библиотека была открыта всего 4 года назад и находится в здании сельского акимата. За короткий срок стараниями библиотекаря Чичулиной Е.И., привлечшей спонсоров, это учреждение культуры превратилось в уютное помещение, куда с большой охотой идут молодые и пожилые жители села. ТОО «Лари» не только помогло сделать ремонт, но ещё и постоянно оказывает содействие в подписке на периодические издания, приобретении литературы. Только за 2009 год спонсоры выделили библиотеке 240 тысяч тенге. Здесь работает клуб для ветеранов «Тряхнём стариной» и единственный в области театр детской книги «Домовёнок». В селе нет клуба, поэтому каждую неделю в библиотеке проходят дискотеки для молодёжи, где библиотекарь обязательно знакомит их с новинками литературы, проводит для них вечера, викторины.

Не менее интересно чи-

тателям в Майской сельской библиотеке, расположенной в здании местного Дома культуры. Она одной из первых среди сельских библиотек стала использовать возможности новых технологий в обслуживании читателей и проведении массовых мероприятий. Библиотекарь Фоменко Галина Станиславовна в 2008 году участвовала в республиканском слёте молодых библиотекарей. Делится с коллегами своим опытом на районных семинарах. В 2011 году библиотеке был присвоен статус модельной, выделен ещё один компьютер, приобретены новая мебель и литература.

Третье место было присуждено К-Марксовской сельской библиотеке Костанайской районной ЦБС, которая тоже расположена в здании сельского Дома культуры. Здесь сразу обратило на себя внимание большое количество периодических изданий, обилие новых

книг, детских и по различным отраслям знания. Библиотекарь Ахметова Алия Газизовна также принимает активное участие в общественной жизни села, участвует в художественной самодеятельности. За почти вековое своё существование в селе было всего 4 руководителя. Библиотекарь ведёт большую краеведческую работу, собран богатый фотоматериал о жителях села, его руководителях, истории села в разные годы.



Библиотекам, которым не досталось призовых мест, тем не менее, было чем удивить коллег.

Так, например, очень яркое, запоминающееся мероприятие, посвящённое творчеству известного казахского композитора Шамши Калдаякова, показала членам жюри библиотекарь Амантогайской сельской библиотеки Амангельдинской ЦБС Кулымбетова Кыргыз Сеиловна. Отрывок из этого мероприятия увидели и участники слёта сельских библиотекарей. Очень содержательным и познавательным был вечер, посвящённый Ч.Валиханову и Ф.М.Достоевскому. Его со своими юными читателями показала библиотекарь Михайловской сельской библиотеки Карабалыкской ЦБС Тарасюк Валентина Александровна.

Нельзя было не отметить работу Аманкарагайской сель-



всего 2 часа в день.

Все победители смотра – конкурса были награждены дипломами и ценными подарками. Остальным участникам были вручены грамоты и памятные призы. Успеху проведения слёта во многом содействовала активная и деятельная под-

ской детской библиотеки Ауликской ЦБС (библиотекарь Юркова Надежда Ивановна). Уже много лет в ней действует библиотерапевтическая программа для детей с ограниченными возможностями здоровья «Лучики надежды». Партнёры библиотеки в этой благородной деятельности - органы соцобеспечения, центр досуга «Тамаша», школы и религиозные объединения. Цель проекта - помочь раскрыть и развить творческие способности у детей с ограниченными возможностями, содействовать их социокультурной реабилитации, обеспечить для них доступность культуры, образования и самообразования. Библиотекарь не только обслуживает детей на дому, но и организует интересные мероприятия, которые посещают дети-инвалиды. Программа включает проведение благотворительных акций к праздникам, вовлечение детей-инвалидов в творческие кружки, литературные викторины, беседы, конкурсы, встречи с интересными людьми,

организацию шахматных турниров.

А как приятно были удивлены члены жюри, посетив Ряжскую сельскую библиотеку Узункольского района! Всего год назад, выезжая в эту библиотеку с проверкой, мы видели прекрасное помещение с евроремонтom в сельском Доме культуры, с красивой мебелью и кучей книг, разбросанных по полкам без всякой системы. Теперь же здесь сменился библиотекарь, и преобразилась сама библиотека. За столь короткое время (на момент проведения конкурса библиотекарь Почкаева Евгения Александровна проработала всего полгода) она сумела не только расставить фонд, но и создать папки с материалами по всем направлениям деятельности библиотеки, организовать краеведческий уголок, посвящённый истории книги, оформить интересные книжные выставки. Было очень приятно, что в библиотеку пришла настоящая хозяйка, жаль только, что библиотека работает



держка этой акции со стороны областной филармонии имени Е.Умурзакова, городского центра досуга при городском отделе культуры и администрации Костанайского филиала Челябинского государственного университета. Выступления и музыкальные поздравления их творческих коллективов придали слёту праздничную незабываемую атмосферу.

В 2011 году объявлен конкурс профессионального мастера «Библиотекарь года – 2011», посвящённый 20-летию Независимости РК и 75-летию Костанайской области, в котором принимают участие городские и сельские библиотекари. С апреля по июнь был проведён первый тур. Подведение итогов конкурса и награждение победителей запланировано на конец октября.

3 блок



Үшінші бөлімде “Ақыл адырнасы” айдары арқылы Қобылан Берібайұлының өмірі, шығармашылығы жайлы талдау материал берілді. Сондай-ақ “Қазіргі Қазақстан тарихы” оқулығының мән-мазмұны ашып көрсетілген. Жас ақын Динара Әбдуалиеваның өлеңдері де, Ғани Әбілбековтің әңгімесі де осы бөлімнен орын алған.

ҚОБЫЛАН

Кедейлік жас кезімде келмеп едің,
Жеңем деп мені жаста сөнбеп едің.
Сексенге кеп селкілдеп отырғанда,
Кәрілікпен қосылып мені жөңдің.

Қызығын дүниенің малмен баспай,
Жақсылық табылмайды алдын тоспай.
Жамандық табылды сатып алмай,
Жігіттер, өтірік пе, осы рас па-ай?!

Кедейлік болар ма мұнша қиын,
Байдың үйі айт пен той, күнде жиын...

Кедейлік, мұнша неге болдың қиын,
Ойын-той, сауық-сайран қайда сыйың?
Естігенің қорлық сөз, қолда – жұмыс,
Жұмыртқадай шағылды күнде миым.

Бұл дүние алуан-алуан заман екен,
Заманым күні өткен жаман екен.
Адамзат өмір бойы бейнет көрсе,
Опасыз оның өзі харам екен.
Заманым барған сайын тарылады,
Тарылып, бір заматта жарылады.
Опасыз бұл жалғанның әлегіне
Неліктен адам байғұс салынады?

Заманнан рахатты кім көреді,
Кедей – бейнет, зейнетті бай көреді.
Өткізген мұхнатпен өз өмірін,
Сол адам өмірінен не іледі?

Қайғысы тар заманның өзінен зор,
Бұл күнде адам бар ма кедейден қор.
Жаз ішіп, күз кигені басында жоқ,
Қоршап тұр кедейлерді жоқшылық тор.

Бар болсаң, Құдайеке, көрмеймісің,
Кедейге бір жақсылық бермеймісің?
Өмірін мұхнатпен өткізгенді
Тағы да ол дүниеде тергеймісің?
Бұл дүние ойлағанға арман екен,

БӨРІБАЙҰЛЫ

(1760-1840)

Қобылан Бөрібайұлы XVIII ғасырдың аяқ кезі мен XIX ғасырдың
Жалғашқы жартысында Орталық Қазақстанда өмір сүрген. Ол өз
заманында Арқаға әйгілі ақын болған.

Қобыланның ақындық өнері ерте танылып, әкесі Бөрібай ақынның
тәрбиесін көреді. Есейе келе ел аралап, басқа халық ақындарынан
да тәлім алған. Ол, әсіресе, жыр теңізі Бұқар жыраудың жолын берік
ұстанып, өнердегі өнегесін жалғастырған, Шал ақынның сыршылдық
дәстүрін қадір тұтқан.

Адамды әрекетке салған екен.
Опасыз әрекетің, өмір қысқа,
Сүйегің қара жерде қалған екен.

Жүрегім ерімейді, езіледі,
Әр нәрсе ойлағанға сезіледі.
Ойласам ел-жұртымды азып-тозған,
Көп қайғы бір-біріне кезігеді.

Кәрілік қатты соққан желменен тең,
Көз көмескі болғанда, құлағым кем.
Қайнаған тұтас денем күй менен жыр,
Елден бақсы жисам да таппадым ем.

Қазаның төрт құлағы жан жолдасым,
Қасымда кемпірім бар, ол – мұндасым...
Кәрілік, қарсы келдің қазған көрдей,
Жігіттік, желіп өттің бәйгекердей...

Тіріден өлген жақсы қадір кетсе,
Өлмей тірі кім жүрер ажал жетсе
(Не қылады, дейді екен, бірдеме етсе).

Енді біз не қыламыз тірі болып,
Тірі жүрген ғаріптің бірі болып.
Екі бетім табақтай, қайран нұрым,
Жақ сүйекке жабысты тері болып.

Қара сақал жарасқан қайран иек,
Түрім қашып, қауқиған қалды сүйек.
Жетпіс асып, сексенге таянғанда,
Бауырыма байладым құрым күйек...

Жыраулық, ақын-
дық өнерді қа-
тар жалғастырған Қо-
былан – таңды-таңға
қосып, жыр толғаған,
ауызданауызға тара-
ған ғибратты терме
айтқан өткен дәуірдегі
әдебиетіміздің ірі өкі-
лі. Сегіз қырлы, бір
сырлы жырау әншілік
өнерімен де әйгілене-
ді. «Қайнаған тұтас
денем күй менен жыр»,
– деп өзі айтқандай,
бармағынан бал там-
ған күйші, жүрген же-
рін сайрандатқан сері
болған. Жасы сексен-
ге таянғанша үкілі
домбырасын қолынан
тастамай, ел біткенді
аузына қаратып, бүкіл
өмірін өнер жолына
қалтқысыз арнаған
Қобыланның әдебие-
тіміздің тарихында ла-
йықты орны бар.



Сәруар ҚАСЫМ,
жас ақын



«ҚАЙНАҒАН ТҰТАС ДЕНЕМ КҮЙ МЕНЕН ЖЫР»

Қобылан Бөрібайұлы... Аз, аз да болса саз дүние қалдырған. Арысы Батыр Баяндай, берісі Сұлтанмахмұттай дарабоздар туған Баянауыл топырағынан шыққан Қобыланның әкесі де Арқаға мәлім ақын болған екен.

Қобылан ақынның өмір сүрген кезеңі бекіністердің етек алып, отаршылдық азуының етке бата бастаған тұсы еді. Содан болар, бізге жеткен өлеңдерінде үміттен гөрі торығу, қайраттан гөрі қыжыл басым:

«Заманым барған сайын тарылады,
Тарылып бір заматта жарылады».

Зерттеуші сөзі ойымызға тұздық бола түспек: «XIX ғасыр қазақ жұртында жаңа қоғамдық қатынастардың тереңдеп, ғасырлар бойы қадір тұтылған құндылықтарын құнсыздануға мәжбүр еткен алмағайып кезең болды. Руханият жұтаңдап, бодандық тереңдеп, еркін елді еріксіз заңға бағындыру әбден дендеген тұста жасаған ақындардың – заманының дегдар, сезгір

жандарының «Зар заман ақындары» атанбасқа амалы жоқ еді... Төресі азған, қарасы тозған кезең ақындарының Аллаға арнау сөзінде жалбарынудан гөрі назалану басым:

Қайғысы тар заманның өзінен зор,
Бұл күнде адам бар ма кедейден қор?..

Құдаймен құрдасындай сырласатын, ашуына кезіксе «шұнақ құдай» деп тілдеп алып, қайта сыйынып отыратын қазақы менталитеттің бір ұшығы «Тәңірі текті» болмысына күмән келтіріп көрмеген көне түркілердің еркін, азат Тәңірлік сеніміне ұласып жатқаны даусыз. Қобылан ақынның өлеңінде де сол тамыры терең ұлттық мінез көрініс береді.

Адамға ашынудың, заманға амалсыздықтың ақыры тағы да әлемнің әуелі де, ақыры да болған Аллаға алып келері мәлім. Ар-иманнан өзге адамзатты құтқарар ақиқат жолы жоқтығын өлімсақтан терең түсінетін ақындар қауымының Зар заман



тұсындағы сыннан өткен сүйікті тақырыптарының бірі дін-иман тақырыбы болды. Олардың Аллаға айтар мінежаты да, адамға айтар тілегі де осы орайда өрнектелді» (Қазақ әдебиетіндегі мінежат жанры: ежелгі поэзия мен қазіргі әдебиеттегі көрінісі <http://kazgazeta.kz>). Аллаға жалбарынған мінежатының өзі өкпеге толы өкенін көрдік. Осы тұста Қобылан өлеңдеріндегі қыжылда жеке бас мәселесінен де туған үлес барын айта кеткеніміз дұрыс.

Кедейлік жас кезімде келмеп едің,
Жеңем деп мені жаста сенбеп едің.
Сексенге көп селкілдеп отырғанда,
Көрілікпен қосылып мені жөңдің».

Ақын үшін қуат-күш бойдан бұрқырап тұрар жастық – нағыз байлық. Жырдан нәсер төгіп, еліне еркелеп жүрген ақын көңілі жас, дегенмен уақытқа қарсы тұрар дәрмен жоқ. Көрілік көп иықтан еріксіз басады. Кедейлік дегеніміз немесе кедейліктің, кедейлікпен келген қорлықтың, қашқан қадірдің негізгі себебі – көрілік:

«Ат арыды, тон тозды
Елден шыққан жүйріктен.
Қотандағы ит озды
Күні өткен ақ сүйріктен».

«Ай – ортақ, қайырлы болса – бай ортақ» дейді дана халқымыз. Ақын кедейліктің мүшкіл халін суреттей отырып, пейілдің тарылғанына ашынады:

«Заманнан рахатты кім көреді,
Кедей – бейнет, зейнетті бай көреді...

...Қайғысы тар заманның өзінен зор,
Бұл күнде адам бар ма кедейден қор».
Енді бірде Қ. Бәрібайұлы:
«Қадір, құрмет тоқтықта,
Ашу, араз жоқтықта.
Кедей болсаң, көсіп бақ,
Керек шығар боқтықта.
Бекер ме осы айтқаным,
Айттырған мына заманың.
Ойлай берсең термеле,
Арта берер азабың», – дейді. Шал ақынның сөзімен түйіндесек: «Ашуланшақ келеді жарлы кісі».

«Кедейліктен болар ма мұнша қиын,
Байдың үйі айт пен той, күнде жиын...»
Ақынның осы өлеңіне көңіл сәулесін түсіріп

қарасақ, үш түрлі қырын көрген болар едік. Бір қарағанда, көдімгі қол байлаған жоқшылықты сынға алып тұрғандай, сауық-сайраннан қаққан кедейлікке деген наланы көреміз. Екіншіден, ақынның айтып тұрған байлығы мен кедейлігі не деген сауалдың басын ашып алу керек сияқты. Бұл тармақтарда да жоғарыда айтып өткен ойларға ораламыз. Көрілік – кедейлік, жастық – байлық. Өмір философиясы, қашсаң да құтыла алмайтын табиғат заңдылығы...

Көңіл көзі үшінші қырын тіпті өзгеше көреді. Өлең жолдары астарында мысқыл жасырынып жатыр. «Ішкен – маз, жеген – тоқ». Байдың артықшылығы сауық-сайран, той болса, «байлық – мұрат емес, жоқтық – ұят емес».

Жүрегім ерімейді, езіледі,
Әр нәрсе ойлағанға сезіледі.
Ойласам ел-жұртымды азып-тозған,
Көп қайғы бір-біріне көзігеді.

Халық қамын ойлаған ер жүрегі осылай күрсінеді. Күрсіністен азаматтық үн естіледі.

Еділді келіп алғаны –
Етекке қолды салғаны.
Жайықты келіп алғаны –
Жағаға қолды салғаны.
Ойылды келіп алғаны –

Ойындағысының болғаны (Мұрат), – деп зар заман ақындары күңірене келген бұл кезеңде Қобылан жырларындағы күрсіністің, іштей егілудің жөнін орынды деп қабылдаса болады. Себеп – сыртқы фактор, қоғамдық формация, саяси алауыздық, т.т.. Бірақ, үмітсіздік шайтанға тән дейтін қазақ емеспіз бе? Ақынды күйзелістен қорғайтын қорғанышы бар. Ол – иман. Имандылықпен даритын сабыр:

«Бұл дүние ойлағанға арман екен,
Адамды әрекетке салған екен.
Опасыз әрекетің өмір қысқа,

Сүйегің қара жерде қалған екен», – деп мәңгіліктің таразы өлшемі басқа екенін сыбырлап тұрғандай...

«Қайнаған тұтас денем күй менен жыр».
Қобылан ақын өлең өлкесінде осы бір ауыз сөзімен-ақ өшпес із қалдырған. Оның ізбасар ұрпақтары да ауырпалық әкелген салқындықта жанын «өлеңнің отын жағып жылытатын» болған. Солай бола да береді...


Задаш ДҮКЕНБАЕВА,
тарих ғылымдарының докторы, профессор



ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ жаңа оқулығы жарық көрді

ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты әзірлеген «Қазіргі Қазақстан тарихы» (авторлары Б. Аяған, Х. Әбжанов, Д. Махат) оқулығы

«Қазіргі Қазақстан тарихы» оқулығы — ғылыми-практикалық қолданбалы маңызы бар оқулық. Оқулықтың хронологиялық шеңбері мен территориялық қамту аймағы, негізгі нысаны мен субъектісі нақтыланған. Оқулықтың ішкі бірлігі, тараулар мен бөлімдер арасындағы ой жалғастығы жақсы сақталған. Объективті-аналитикалық, салыстырмалы-тарихи әдістерді қолдану, өркениеттік теориялар тұрғысынан қарастыруға деген ұмтылыс оқулық авторларының алдына қойған мақсаттарын іске асыра алғандығын білдіреді. Оқулықтың «Тәуелсіз Қазақстан» атты екінші бөлімінің «Тәуелсіздік қарсаңында» атты бірінші тарауында тәуелсіздік қарсаңындағы өліміз тарихының өзекті, айшықты мәселелері қарастырылған. Бұл тарауда 1980-ші жылдардың ортасы мен екінші жартысы – 1990 жылдардың басындағы КСРО-ның құрамындағы Қазақ КСР-нің: территориясы, саяси-әкімшілік құрылымы, экономикасы мен әлеуметтік-мәдени жағдайы баяндалған. Сондай-ақ, М.С. Горбачевтің қайта құру дәуіріндегі Қазақ КСР-дегі саяси-экономикалық және әлеуметтік үдерістер; 1986 жылғы «Желтоқсан көтерілісі»; ұлттық зиялылардың ақталуы; Мемлекеттің егемендігі жөніндегі Декларация; 1991 жылғы саяси дағдарыс және КСРО-ның ыдырауы кезіндегі Қазақстанның ұстанымын көрсететін мәселелерге айрықша мән берілген.





Оқулықтың «Тәуелсіз Қазақстан» атты екінші бөлімінің «Тәуелсіздік қарсаңында» атты бірінші тарауында тәуелсіздік қарсаңындағы еліміз тарихының өзекті, айшықты мәселелері қарастырылған. Бұл тарауда 1980-ші жылдардың ортасы мен екінші жартысы – 1990 жылдардың басындағы КСРО-ның құрамындағы Қазақ КСР-нің: территориясы, саяси-әкімшілік құрылымы, экономикасы мен әлеуметтік-мәдени жағдайы баяндалған. Сондай-ақ М.С. Горбачевтің қайта құру дәуіріндегі Қазақ КСР-індегі саяси-экономикалық және әлеуметтік үдерістер; 1986 жылғы «Желтоқсан көтерілісі»; ұлттық зиялылардың ақталуы; Мемлекеттің егемендігі жөніндегі Декларация; 1991 жылғы саяси дағдарыс және КСРО-ның ыдырауы кезіндегі Қазақстанның ұстанымын көрсететін мәселелерге айрықша мән берілген.

Оқулықтың екінші бөлімінің «Тәуелсіздік және Қазақстан мемлекеттілігінің қалыптасуы» атты екінші тарауында Тәуелсіз Қазақстан Республикасының мемлекеттік-саяси даму тарихының мәселелері қарастырылады: яғни, Қазақстан Республикасы мемлекеттік тәуелсіздігінің жариялануы мен оның

тарихи мәні; Мемлекеттіліктің құрылысы және Президенттік билік институтының қалыптасуы мен нығаюы; 1993, 1995 жж. қабылданған Ата заңдар аясында Қазақстанның мемлекеттік-саяси жүйесінің даму ерекшеліктері және парламентаризмнің қалыптасуы мен дамуы; Көппартиялық және сайлау жүйесінің дамуы; Ата заңдық реформалардың мәні; «Қазақстан — 2030» — ұзақ мерзімді даму стратегиясы мен Н.Ә. Назарбаев Жолдауларындағы Қазақстан тәуелсіздігі стратегиясының дамуы (1998-2009 жж.); Жаңа астананы ауыстыру туралы стратегиялық бастаманың тарихи маңызы; Қазақстан Республикасындағы құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның қалыптасу кезеңдері мен даму жолдары, мемлекеттік шекараны анықтау және ұлттық қауіпсіздік мәселелері баяндалған.

Оқулықтың екінші бөлімінің «Нарыққа өту және экономиканың Қазақстандық үлгісі» атты үшінші тарауында Қазақстанның нарықтық экономикаға көшуі және экономикалық реформаларды жүзеге асыру тарихының мәселелері қарастырылады: яғни, жоспарлы экономикадағы дағдарыс, экономиканы либералдандыру, реформалау және на-

рықтық қатынастарға көшіру мәселелері; Мемлекеттік меншікті жекешелендіру мен жеке бизнес саласын қалыптастыру, банк және қаржы жүйесінің құрылуы мен дамуы, ұлттық валюта–теңгенің енгізілуі; Экономикалық трансформацияның (ауысудың) қиыншылықтары туралы; Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру туралы мемлекеттік бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, іске асырудың негізгі кезеңдері және өнеркәсіп пен ауылшаруашылығын жекешелендірудің нәтижелері; Үкіметтің экономикалық стратегиясы мен индустриалды-инновациялық даму Стратегиясы; Экономикалық өсу, елдің алтын-валюта қорын қалыптастыру. Инвестициялық жобалардағы қазақстандық мазмұнды көтеру; Қазақстанның әлемдік экономикаға ықпалдасуы және әлемдік экономикалық дағдарыстың салқыны; Экономикалық дамудың қазіргі жағдайы мен болашағы туралы көзқарастар қайшылықтары терең зерттеліп-зерделенген.

Оқулықтың екінші бөлімінің «Тәуелсіздіктің әлеуметтік-мәдени негізі» атты төртінші тарауында Қазақстандағы әлеуметтік-мәдени салалардың даму тарихы баяндалады. Мемлекеттің әлеуметтік саладағы реформа-

лары және әлеуметтік саясат: яғни, халықты жұмыспен қамту, тұрғын үй құрылысы, ауыл тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық мәселелері, денсаулық сақтау, демографиялық өсім, ана мен бала мәселелері; Сондай-ақ зейнетақы реформалары мен білім саласындағы реформалардың жетістіктері мен проблемалары, жоғары білім беру саласындағы реформалар: халықаралық білім жүйесіне өту (бакалавр, магистр, доктор PhD). «Болашақ» мемлекеттік бағдарламасы, ғылымның дамуы және Қазақстанның халықаралық білім мен ғылым кеңістігіне ықпалдасуы; Мәдениет пен өнердің дамуы. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының маңызы; Қазақ халқының өдет-ғұрып, салт-дәстүрлерінің қайта жаңғыруы; Қазақстандағы тіл саясаты, этностар мен этникалық топтардың мәдени өмірі, 1991-2009 жж. этникалық, этнодемографиялық және көші-қон үдерістері, «Нұрлы көш» мемлекеттік бағдарламасы, діни ахуал және конфессияаралық қарым-қатынастар, спорт пен туризмнің дамуы мәселелері баяндалған.

Оқулықтың екінші бөлімінің «Қазақстан және қазіргі әлем» атты бесінші тарауында Тәуелсіз Қазақстанның халықаралық жағдайы мен

сыртқы саясаты тарихының мәселелері қарастырылады. 1990-жылдардың басында Қазақстан Республикасын әлемдік қауымдастықтың таңуы; Тәуелсіз мемлекеттер достастығын құру (ТМД); Қазақстанның ядролық қарудан бас тартуы және халықаралық қауіпсіздік кепілдігіне қол жеткізуі; Әлемнің жетекші елдерімен стратегиялық одақтастықты орнату мәселесі; Мемлекеттік шекараны анықтау, межелеу, реттеу үдерістері және оның тарихи мәні; Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Еуразиялық доктринасы: қағидалары және іс-жүзіне асырылуы; Еуразиялық экономикалық қауымдастықты құру және дамыту (ЕурАзЭҚ); Қазақстанның аймақтық ықпалдастық үдерістеріндегі рөлі; Қазақстан және түрік әлемі; Конфессияаралық өзара түсіністік: Астанадағы әлемдік және дәстүрлі діндер съездерінің өткізілуі; Қазақстанның 2010-шы жылы Еуропадағы ынтымақтастық пен қауіпсіздік ұйымына (ЕҚЫҰ) төрағалық ету мәселесі; Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың ел тәуелсіздігін нығайтудағы және мемлекеттік сыртқы саясат стратегиясын жасаудағы аса зор рөлі атап көрсетілген.

«Қазіргі Қазақстан тарихы» оқулығының ерекшелігі

сол, оның екінші бөлімінің «Н. Ә. Назарбаев – Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті» атты тарауында тұңғыш рет ел тарихындағы ең бір әлеулі, мәнді деген ғылыми-тарихи мәселелерді зерттеп-зерделеу арқылы, еліміздің қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық салаларда жеткен ұлан-ғайыр жетістіктерің, Елбасының ұлттың өсіп-өнуі, дамуы үшін жасаған өлшеусіз еңбегін көрсете алуында деп білеміз. «Егер өміріңде мың іс атқарып, бірақ ең бастысын жасай алмасаң, текке ғұмыр көшкенің, ал егер мың іс жасамай, тек басты бір істі атқарсаң, онда босқа өмір сүрмегенің», – деп атақты ғұлама Әл Фазали айтқандай, Елбасы халқының, елінің алдында шешімі аса күрделі көп істерді абыроймен атқарып шығуымен қатар, Қазақстан мемлекетіне алысты көздейтін сара даму жолын таңдап беруімен де, ел тарихынан өшпес орын алды. Соңғы он сегіз жыл ішінде, яғни тәуелсіздік жылдарында ғасырға бергісіз қаншама тарихи оқиғалар өтті.

1991 жылғы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңды қабылдады. Осы заңға сәйкес әлемнің география-



лық картасында жаңа мемлекет – Қазақстан Республикасы пайда болды. Тәуелсіз мемлекетіміздің 20 жылдық даму жолына көз тастай отырып, Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Егемен Қазақстан Республикасын құру жолындағы ұлан-ғайыр еңбегін ерекше атап өткен жөн. Сол бір қиын-қыстау өтпелі кезеңде жас тәуелсіз мемлекетіміздің тізгінін ұстаған Н.Ә. Назарбаев өзіне тән даналық пен көрегендік танытып ел бірлігін, елімізде ғасырлар бойы бірге жасап келе жатқан ұлттар мен халықтар достығын көздің қарашығындай сақтап, мемлекетіміздің шаңырағын шайқалтпай, іргесін мықтап бекітіп, нарықтық қатынастарды білгірлікпен жетілдіре отырып, сол арқылы туған халқын ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздік тұғырына қондырып қана қоймай, сондай-ақ, басқалармен терезесі тең ел болу арманына қол жеткізді. Бүгінде, тәуелсіздігіміздің 20 жылдығы қарсаңында қазақ мемлекеттілігін құру жөніндегі тарихи миссияның ойдағыдай жүзеге асырылғанын сеніммен атап өтуге болады. Бүкіл әлемге мемлекетімізді, оның экономикасын, білімін-ғылымын, мәдениетін, өркениетін, діні мен ділін, тілін таныту Елбасымыз Н.

Ә. Назарбаевтың көреген басшылығымен жүзеге асуда. Біз қазір Президентіміздің басшылығы, халқымыздың қосшылығы нәтижесінде толайым табыстарға қол жеткізіп отырмыз.

«Бегі әділ болса, елі бақытты, халқы түзу болса, бегі бақытты» деп Жүсіп Баласағұн бабамыз айтқандай, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың алғыр басшылығымен жиырма жыл ішінде еліміз қол жеткізген ауыз толтырып айтатындай жетістіктерді тілге тиек еткенде, өткен тарихты еске түсірмей тұра алмайсың. Уақыт – төреші деген ақиқат екен. Тәуелсіздік жылдарында ғасырға бергісіз қаншама тарихи оқиғалар басымыздан өтті. Елбасының сындарлы да салиқалы, жүйелі түрде жүргізіп отырған ішкі-сыртқы саясатының арқасында елімізде тыныштық пен татулық орнап отыр, соңғы кездері әлемдік қаржылық-экономикалық дағдарыстың тигізген зардаптарынан арылудың алғашқы нышандары да байқалуда. Ресей Федерациясымен, Белорусь Республикасымен кедендік үштік одақ құрып, Дүниежүзілік сауда ұйымына бірге мүше болып кіруге талпынудамыз. ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету мәселесі, «Мәдени мұра», «Жол картасы» бағдарламалары-

ның ойдағыдай орындалып жатуы... Міне, басқа да осы сияқты еліміз үшін аса маңызды әрі күрделі саяси-әлеуметтік және экономикалық жобалардың өз шешімін табуы Нұрсұлтан Әбішұлының тікелей басшылығымен жүзеге асырылуда. Президенттің ішкі сыртқы саясатын мақұлдап қана қоймай, ынтымақпен соңынан ерген Қазақстан халқы да, өз кезегінде Елбасының бағын жандырып, абыройын асқақтатып отыр.

Көп этносты Қазақстан халқы қазіргі кезеңде әр түрлі тілде сөйлесе де, мемлекеттік тұтастық пен өзара түсіністік арқылы қасиетті көк байрақтың астында бірлік пен достықты мұрат етіп, тату-тәтті ғұмыр кешуде. Елбасы мен халықтың арасындағы арақатынасты саралай отырып, тәуелсіздіктің қаншалықты қымбат, баға жетпес ұғым екенін, оның ұдайы жасампаздыққа жетелейтінін ұғына түскендейсің.

Тәуелсіздіктің елең алаңында Қазақстан мемлекеттілігінің болашағына күмән келтіргендер де аз болмады. Қаншама қиындықтарды бастан кешкеніміз де рас. Зейнеткерлердің зейнетақысың, мұғалімдер мен дәрігерлердің жалақысын тауып бере алмадық. Көптеген қалаларымыз бен елді мекендеріміз электр қуатынсыз

қалған кездерді де бастан өткіздік. Бұл республиканың тәуелсіздікке ие болғанына бірер жыл ғана толған, КСРО-ның ыдырап, зауыт-фабрикалар жұмыс істетуін тоқтатқан, ел жаппай дағдарысқа ұшыраған, жаңа ғана айналысқа енгізілген ұлттық валютаның құны күрт түсіп кеткен қиын-қыстау кезең еді. Бұл жылдары тәуелсіздікті баянды ету оңай шаруа болған жоқ. Бұрынғы кеңестік кеңістікте қалыптасқан жүйелі, жоспарлы экономикалық байланыстардың үзілуі, көптеген ірі кәсіпорындардың тоқтап қалуы немесе шығарған өнімдерін сата алмауы, соның салдарынан дүкен сөрелерінің қаңырап бос қалуы егемен елімізді тығырыққа тірегендей болды. Осы бір елдік пен ерліктің нағыз сыналар кезеңінде, Елбасының саяси ұпай жинаудан гөрі нақты экономикалық реформаларды іс-жүзіне асыруды шешуші орынға шығаруы, қандай істі қолға алса да осы бағытты ұстана отырып іс-әрекет жасауы, елді есеңгіреткен әлеуметтік-экономикалық дағдарысты бірте-бірте еңсеруге мүмкіндік берді.

Қиыншылықтар мен қайшылықтарға толы тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқы алдындағы сіңірген өрен еңбегінің бар-

лығын санап шығуға едәуір уақыт кетер еді. Дегенмен, Елбасының ең негізгі еңбегі туған халқының жүздеген жыл армандаған тәуелсіздігін баянды етуі деп білеміз. Сондай-ақ республиканы аяғынан тік тұрғызудағы көп жылдық ел басқару тәжірибесіне негізделген дана басшылығы мен көреген қайраткерлігі. Мысалы, Президент өз елінің сенімді болашағын толық өрі жанжақты қамтамасыз ету үшін сан тарапты зерттеліп, тереңнен толғап ойластырылған құқықтық реформалардың мемлекеттік тарихи маңызын жете ұғынып қана қоймай, оны табандылықпен іс жүзіне асыра білуінде. Елбасының тікелей басшылығымен 1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық референдумда қабылданған Конституция елдің дамуында зор рөл атқарып, құқықтық мемлекет құрудың негізін қалағанын айтсақ та жеткілікті.

Еліміздің тарихында алар орны аса маңызды осы ұлы оқиғаларды ғылыми-шығармашылық тұрғыдан зерттеп-зерделеуде Президент Н.Ә. Назарбаев еңбектері ерекше орын алады. Бұл ғылыми еңбектер Тәуелсіз Қазақстан Республикасының тарихын объективті зерттеудің үлгісі бола отырып, тарихшы ғалымдардың қазіргі замандағы Отан тарихын зерттеп-

білудегі игі істеріне жаңа серпіліс, ерекше рух береді. Сондықтан, Тәуелсіз Қазақстан тарихының тарихнамасын ғылыми тұрғыдан зерттеу барысында Президент Н.Ә. Назарбаевтың ғылыми-тарихи еңбектері зерттеу жұмысының теориялық және методологиялық негізі ретінде басшылыққа алынады.

Түптеп келгенде тарих тек ғылым үшін зерттелмейді. Ол, ең алдымен, тарихтан тағылым, сабақ алу үшін зерттеледі.

Сондықтан да, еркін елдің жас қырандары, ХХІ ғасырдың басындағы зиялыларымыз таңдаған білім мен білік жолын басшылыққа алып, туған еліміздің Тәуелсіздігін сақтауға, талай дүбірлі кезеңдердің төлкегіне тозбаған ұлтымыздың асыл мұраларың, салт-дәстүрің, биік рухын қастерлеп, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуге парыздарымыз. Бұл игі мақсат жолында халқымыздың «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі көледі» деген дана мақалын әрдайым жадымызда ұстап, бірлікті, тұтастықты туқылып көкке көтеруіміз керек. Тәуелсіздіктің құны мен қадірін азаматтық сана, патриоттық жүрекпен түсіне білуіміз қажет.

Ежелден аңсаған еркіндіктің туы жоғары, елдігі берік, тілегі қабыл бола берсін!



Гани АБИЛБЕКОВ

УТРО ДНЯ НЕЗАВИСИМОСТИ

Наступило еще одно зимнее утро. Солнышко во всем своем великолепии только показалось из-за горизонта, и ярко-голубое небо будто бы радовалось новому дню. Ослепительно белый снег, выпавший накануне, словно теплым пледом укутал мадушку-землю. Деревья же, стройный ряд которых будоражил воображение, были как-то особенно великолепны в этом белом наряде. Щебетали птицы... И вся эта чудная палитра пробуждения предвещала в это утро что-то восхитительное и неповторимое.

Наш маленький герой Жан все еще спит в своей кроватке. Вот его милое личико улыбнулось. Видимо, ему снится сон, по-детски наивный и прекрасный. Коротко стриженные волосы, пижама, что была на нем, говорили об опрятности и аккуратности малыша. Свернувшись калачиком под теплым одеялом, он продолжал свой полный чудес и сопереживаний сон.

Солнышко, поднявшись над пробуждающимся городом, одаривало каждого своим нежным теплом. И вот в комнату Жана проник первый шаловливый лучик. Тихо подкрavшись к кроватке, он заиграл всеми цветами радуги, заявляя о наступившем утре. Малыш потянулся, открыл глаза. Увидев «зайчика» на потолке, он улыбнулся. Жан уже давно считал его своим другом-будильником. Озорно соскочив с постели, Жан включил радиоприемник. Не по годам серьезный малыш считал своим долгом соблюдать режим. «Для начала заправить постель!» - подумал мальчуган. И еще одно обстоятельство: этот пятилетний человечек не представлял себе продолжения дня без обязательной утренней гимнастики. Спасибо за это требовательному папочке!

«С добрым утром! – заговорил мелодичным голосом приемник. – Вот и наступило долгожданное 16-ое декабря! День Независимости Казахстана! Какими достижениями пополнился нынешний год? Каким видится нам наше будущее? Обо всем этом мы и поговорим с вами в этот праздничный светлый день. Будьте с нами!»

Зазвучала знакомая всем песня Шамши Калдаякова «Мой Казахстан». Малышу нравилась эта песня. Она обладала удивительной способностью очаровывать слушателя и заряжать неиссякаемым духом патриотизма. Отец Жана гордился своим сыном, когда замечал с каким восторгом слушал он эту песню. «Мой маленький патриот!» - представлял он своего сына друзьям.

И в этот знаменательный день снова звучит «Мой Казахстан», настраивая как камертон благородную душу мальчугана. Жан вышел на балкон. О, этот живительный воздух! Он ободрял и освежал, и Жан уже в который раз почувствовал эту невидимую нить, связывавшую его с окружающим миром.

На ветках деревьев своего кормильца поджидали его друзья-воробушки. Жан вынес горсть зерна и посыпал ими кормушку, которую они вместе с отцом недавно смастерили. Завидев Жана с зерном, воробьи стали подлетать к кормушке. Сев поодаль, заботливый паренек с любопытством наблюдал за пиршеством маленьких птичек. Отец как-то назвал Жана Казахстанским Барсом за его мужественность и благородство души, и ему это прозвище сразу же понравилось. И в данный момент он чувствовал себя Барсом, покровительствующим маленьким воробушкам. «Дело сделано!» - подумал малыш и побежал будить сестренку.

Комната трехлетней Али, каза-

лось, застыла в ожидании праздника и веселья: множество флажков, гирлянд, шаров и нарисованных картинок украшали стены, потрясая воображение. Это они – Жан и Алия – трудились накануне не покладая рук, чтобы сделать приятное и себе и своим родителям. Созданное впечатляло своими масштабами, и Жан, снова оказавшись в этом искусственном раю, почувствовал прилив положительной энергии и гордости за свое детище.

Сестренка сладко посапывала во сне. Подойдя к кроватке, Жан стал тихо постукивать по ее маленькому чудному носу. Алия открыла глаза и, увидев брата, улыбнулась.

- Привет! Как спалось? – спросил Жан, весело подмигнув сестренке.

- Хорошо – ответила протяжно Алия и, будто вспомнив о важном, прошептала: - Жан, а ты наших птичек накормил?

- Конечно! – отчеканил Жан и, сделав лицо серьезнее, дополнил: - Ты пока заправляй постель, а я сбегаю к папе с мамой.

Дождавшись кивка Али, он степенно, как и подобает старшему брату, вышел из комнаты. Забегав в спальню к родителям, он еле сдерживая волнение и радость, чуть ли не во весь голос прокричал:

- Папа! Мама! Хватит спать! Сегодня ведь праздник!

- Праздник?.. - переспросил полусонный отец.

- День независимости Казахстана! – бойко отбаранил Жан.

Отец потрепал его по голове и, восхищенный сыном, гордо произнес: «Мой маленький патриот!» Затем, улыбнувшись жене, нежно повторил: «Наш... маленький патриот!»



Динара АБДУАЛИЕВА

Благословение

Если ты не видишь света,
Если зло вокруг тебя,
Вечная зима, нет лета -
Свет найдешь внутри себя.

Разожги тем светом пламя,
Разгони им всех врагов,
Веру ты держи как знамя,
Устрашая злых богов.

Будь со злом ты осторожен -
Можешь сгнуть ты во тьме,
Путь добра тернист и сложен,
Но найди же сил в себе.

Чтобы светом мрак развеять
Я тебе тот свет являю,
Попытайся тьму рассеять,
Я тебя благословляю.

Смерть и Возрождение

Смерть и возрождение.
Бал. Театр. Маскарад.
Истина и наваждение -
Лицемерия парад.

Страстный поцелуй и слёзы.
Музыка. Священный лик.
Окровавленные розы.
Рок и эйфории миг.

Царствие теней и мрак.
Похоть. Готика и кровь.
Вечность и смертельный враг.
Паранойя. Друг. Любовь.

Экстаз, апатия и муки.
Чистота, сияние снега.
Окровавленные руки.
Удовольствие и нега.

Яд: вино и красота.
Агония и наслаждение.
Холод: боль и пустота.
Снова Смерть и снова Возрождение.

Он говорит

Ты слышишь все мои слова, я буду рядом,
Пусть я не тот, кого ждала, я буду рядом,
Ты посмотри в мои глаза, они все скажут,
Хочу быть ангелом твоим, любовь подскажет...

Но чувство страха я в тебе все время вижу,
"Не уходи! Не уходи!" - хочу услышать,
Твоя боязнь и мой укор - всему помеха,
Мы крушим всё, что создали, и нет уж смеха.
Ты не молчи, скажи, что всё было от скуки,
И целовала просто так, держала руки,
Красива ложь, по мне уж лучше правда мерзкая,
Ты не губи мою любовь, хрупка она как сердце детское...
Хочу сбежать я к небесам, так крыльев нет,
Взлететь, лететь, остаться может на Луне,
И взять тебя одну лишь в тот беспечный мир,
Где созданы наши мечты, и звуки лир...



www.nabrk.kz